


Date Printed: 04/21/2009

---


JTS Box Number: IFES\_65  
Tab Number: 41  
Document Title: NO DOCUMENT TITLE INFORMATION  
Document Date: 2005  
Document Country: Kazakhstan  
Document Language: Kazakh  
IFES ID: CE00885




\* C F 2 2 2 6 9 2 - D B C 2 - 4 F E 7 - 9 D 5 3 - 5 6 6 E 9 3 A 3 6 A 9 4 \*



## **Оқушылар әрекет ету комитетін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқау**



**Алматы 2005**



IFES



**USAID**  
FROM THE AMERICAN PEOPLE

Халықаралық даму жөніндегі  
АҚШ агенттігі

Осы нұсқауды Халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігінің  
қолдауымен азаматтық білімді дамыту бағдарламаларына  
қолдану үшін IFES дайындады.

050022, г. Алматы  
ул. Муратбаева, д. 230, кв. 11  
т 921845, 922830, ф 573973

**IFES / Қазақстан, (**  
**Тел: 8(3272)**

050000, г. Астана,  
пр. Бекенбай батыра  
д 18 кв 1, т/ф: 319652

**1 үй, 8 пәтер.**  
**73973**

[www.ifescentralasia.kz](http://www.ifescentralasia.kz), e-mail: ifes@ifes.kz

© IFES, 2005

## Мазмұны

<b>KIPIСПЕ</b>	4
IFES дегеніміз не және "Оқушылар әрекет ету комитеті" бағдарламасы	4
ОӘК құрылымы	6
ОӘК –ні қалай дамытуға болады	8
ОӘК жұмысы қалай үйымдастырылуы керек	14
<b>ОҚУШЫЛАР ӘРЕКЕТ ЕТУ КОМИТЕТИНІҢ ОРТАСЫ</b>	15
ОӘК және мектеп әкімшілігі	15
Кеңесші (мұғалім) рөлі	16
Еріктілердің рөлі	17
Жергілікті мемлекеттік басқару (әкімшіліктің) өзін-өзі басқару органдарының, үкіметтік емес үйымдардың рөлі	17
IFES рөлі	18
ОӘК болашағы	18
ОӘК форумы	20
<b>Фандрейзинг пен қаржы туралы</b>	20
<b>Ақпарат жинау мен талдау</b>	26
<b>Қоғаммен байланыс</b>	30
<b>Проблеманың портфолиосын дайындау</b>	32
1- қосынша: Қаланы басқарудың үлгі-схемасы	40
2- қосынша: ОӘК мен жергілікті қауымдастықтың өзара әрекеті схемасы.	41


## KIPICPE

### IFES дегеніміз не және "Окүшылар әрекет ету комитеті" бағдарламасы

IFES – коммерциялық және үкіметтік емес тәуелсіз ұйым. Басты мекемесі АҚШ-тағы Колумбия округінің орталығы Вашингтон қаласында орналасқан бұл ұйым Қазақстанның және Орталық Азияның басқа да елдерінде демократиялық үрдістерді дамытуда көмек көрсету ісінің ұзақ мерзімді екенін дәлелдеу мақсатымен 1994 жылы қараша айында Алматыда аймақтық мекемесін ашты.

Бүгінде IFES Қазақстанда азаматтық білім беруді дамыту саласында

орта мектептерде "Азаматтық білім беруге кіріспе" пәнін оқыту жұмысын жақсарту үшін жасалған бағдарламалар бойынша жұмыс істеп жатыр. 1999 жылы КР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен IFES азаматтық білім беру жөніндегі алғашқы оқулық шығарды. Бұл кітапта мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқауларымен бірге демократия мен азаматтықты дамыту жөніндегі эксперименталдық курсты оку жөніндегі қосымша материалдар берілген.



Курстың тиімділігін, берілген білімнің

нәтижесін бағалау үшін және өзара қарым-қатынас пен тәжірибе алмастыру үшін IFES жыл сайын окүшылар үшін турнирлер мен азаматтық білім беру бағдарламасының мұғалімдері үшін семинарлар өткізеді.


IFES 2001-2004 жылдарда Қазақстанның барлық аймағында жеті жазғы лагерлер өткізді. Қордың лагерлерінде окүшылар интерактивті ойнисабақ түрінде өмірдің қажет білімі мен дағдыларын қалыптастырады, содан кейін ғана барып спорттық шаралар мен мәдени-оыйн-сауықтарда көнілді уақыт өткізеді.

Тағы да айттар сез, IFES «Окүшылардың жергілікті басқару органдарының жұмысына қатысу күні» деген Қазақстандағы алғаш жобаны өзірлеп өткізді. Бұл жобаның көмегімен окүшылар жергілікті басқару органдарының рөлімен, құрылымымен және мағынасымен танысады. Осы уақытқа дейін Қазақстанның 15 қаласында 515 окүшінің және 326 мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен 18 жобалар өткізілді.

Алматыдағы IFES-тің ресурстық орталығы сайлау комиссияларының, парламенттің заң шығарушы комитеттері мүшелерінің, жергілікті және халықаралық ЕУ-ының салыстырмалы сайлау заңдары туралы мәліметтерімен ұдайы қамтамасыз етіліп отырады. Сонымен қатар, Қазақстанның мекеме 2001 жылы сөзір айында құрылған Орталық Азияның IFES вебсайтына қолдау жасап отыр.

Азаматтық хабардарлық деңгейінің өсуі, окүшыларға арналған білім беру жобалары арқылы сайлау және демократия туралы ақпараттарға қол жеткізу, ЕУ тарту Қазақстанның бүгінгі және болашақ сайлаушыларын дайындау, сондай-ақ демократиялық қоғам қыру жолында белсендірек болу үшін жүргізіліп жатқан іс-шаралар IFES қызметінің маңызды қырларының бірі болып табылады.

Азаматтық білім жөніндегі жобаның бір бөлігі ретінде IFES окүшылар әрекет ету комитетін (ОӘК) ұйымдастыру бағдарламасын жасауды бастады.



Мектептерде ОӘК құру IFES үшін маңызды, себебі ОӘК-ң табысы салауатты азаматтық қоғамның дамуына ықпал етеді. Осы аталмыш әдістемелік нұсқау орта білім беретін мектептің, лицейдің, гимназияның жеке меншік мектептердің оқушылары мен мұғалімдеріне, тәрбие жұмысын үйімдастырушыларға, және де басқа білім беру саласының қызметкерлеріне, ОӘК – тақырыбы қызықтыратын қауымға арналған.

## ОӘК-нің құрылымы

Оқушылар әрекет ету комитеті азаматтық қоғамның белсенді мүшелері ретінде оқушыларға практикалық тәрбие берудің маңызды элементі болып табылады.

Оқушылар әрекет ету комитеті - міндеттіне өз мектебі мен ауданы көлемінде қоғамдық маңызды мәселелерді қарау мен шешу кіретін, мектеп әкімшілігінің араласуымен және класс жетекшісінің немесе басқа мұғалімнің қолдауымен, өзінің реттеуіші жарғысымен<sup>1</sup> ұйымдастырылған оқушылар тобы.

ОӘК - бұл мектептік ҮЕҰ емес. ОӘК - бұл қауымдастықтың, ауданының, ауылдың және мектептің проблемаларын шешуге арналған оқушылардың бейресми бірлестірі.

ОӘК-нің алдына қойған проблемалары шешілмеген күннің өзінде, алдына қойған мақсаттарды орындау процесі барысында оқушының алған тәжірибесінің маңызы ете зор. Басқа сезбен айтқанда, табысты нәтижеге жету мақсат емес, оқушының жұмыс барысында еткен жолы маңызды.

ОӘК-ні құру мынандай мақсаттарға жетуге бағытталған:



- ОӘК түрлі ұйымдармен: жергілікті басқару органдарымен, мектеп басшыларымен, ҮЕҰ-мен, қоғамдық ұйымдармен бірігіп жұмыс істеу үшін "көпірлер" орнатуы қажет;
- Қоғамдық мәні бар проблемаларды шешу арқылы оқушылар белсенді азаматтық позицияның маңыздылығын ұғына алады;
- Оқушылар әрекет ету комитетін ұйымдастыру арқылы оқушылар демократияның ұстанымдары мен негіздеріне бейімделе алады;


ОӘК-нің құрылымы жергілікті жағдайға байланысты әр-түрлі болуы мүмкін, дегенмен, басты жетекшілік қызметтер оқушылар жалпы жиналышында жары үнінде демократиялық жолмен сайлануы ете маңызды. Мысалы, кейбір мектептерде мектеп үкіметі не парламенті болса, ОӘК құру мектептің парламенттің қолдауымен, немесе қолдауынсыз, мектептің ішкі тәртібіне байланысты жүзеге асырыла алады. Мұндай құрылым шынайы жергілікті өзін-өзі басқару органына ұқсас болуы мүмкін, бірақ ең бастысы аталған құрылымның міндеттіне - қауымдастықтың кез келген проблемасын айқындау және оны шешу үшін шаралар белгілеу кіргені дұрыс.

Біз сіздердің назарларыңызға Оқушылар әрекет ету комитеттің құрылымының үлгісін ұсынамыз. Оған мыналар кіреді:

- Президент
- ОӘК-нің Кеңесі;
- Кеңесші (жетекші мұғалім не тәрбие жөніндегі завуч);
- Үш мамандандырылған сектор:

<sup>1</sup> Жарты - ұйымның негізі құжаты болып табылады, онда ұйымның мақсаты мен міндеттері, мүшелерінің жауапкершілігі мен құқықтары айқындалады. Жан-жақты, дұрыс құрылған жарты ұйымның нақты жұмысының кепілі болып табылады.

1. қоғаммен байланыс секторы,
2. фандрейзинг пен қаржы секторы,
3. ақпараттық-сараптама сектор.



ОЭК-нің шешім қабылдау ұстанымдарына ерекше назар аудару қажет. Комитет мүшелерінің маңызды шешімдерді жасау мен қабылдауға қатысуындағы басты элемент - жалпы жиналыс болып табылады. Оның екілеттігіне:

- Тақырыптарды іздестіру және анықтау,
- Шешімнің әдістерін жасау,
- Шаралардың жоспарын, бюджет пен орындалу кестесін бекіту, кеңестің президенті мен мүшелерін сайлау қунін бекіту,
- Жарғыны бекітіп, оған езгерістер енгізу кіреді. Міндеттер мен сайлау өтетін ұстанымдардың барлығы жаръыда толығымен көрініс табуы керек.

### Президент



ОЭК президенті ОЭК-нің атқарған қызметі жөнінде мектеп әкімшілігіне есеп беруге жауапты, үйлестіру, ұйымдастыру және бөлу қызметтерін атқарады, ОЭК-нің атынан ресми кездесулер мен шараларға қатысады, ез функцияларының орындалуы үшін бүйректер мен міндеттемелер шығарады.

### Кеңесші (жетекші мүғалім не тәрбие жөніндегі завуч)

Кеңесші президент пен ОЭК-нің Кеңесіне консультациялық қолдау көрсетеді, президент пен ОЭК-нің Кеңесінің шешімдері Қазақстан Конституциясына, заңдарына, мектептің ішкі тәртіпперіне, адамзат құндылықтыра мен қоғамның мораліне қайшы келген жағдайда оларға тиым салуға толық құқығы бар.

### ОЭК Кеңесі


Президент басқаратын, тұрақты жұмыс істейтін ОЭК-нің бас органы - Кеңес болып табылады. Ол:

- Жалпы жиналыста құрылады
- Әрбір сектордың бір немесе бірнеше өкілдерден тұрады

- Жалпы жиналыстың өту мерзімін белгілеп, регламент бойынша ұсыныстарды реттейді
- ОӘК мүшелерінің сұрауларын қабылдайды
- әкімшілік-техникалық мәселелерге жауп береді.

## Секторлар

Жоғарыда атап көрсетілгендей, ОӘК-нің үлгісінде үш сектор бар. Осы секторларды құрған кезде ОӘК мүшелерінің қабілеттерін дұрыс пайдалану үшін кеңесші оларды не қызықтыратынын алдын-ала біліп ОӘК-нің мүшелерімен бірге жұмыс істеу керек.



1. Қоғаммен байланыс секторы әртүрлі үйымдармен, мекемелермен немесе азаматтармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен көліссөздер жүргізіп, консультация алады.
2. Фандрейзинг және қаржы секторы қажетті материалдар (құрал-жабдықтар) немесе қаржы табудың түрлі бағдарламаларын жасап, қарапайым бухгалтериялық есеп жүргізеді.
3. Ақпараттық-аналитикалық сектор жұмыстың тақырыптарын іздестіріп, ақпараттар жинап, талдау жасап,

портфолио<sup>2</sup> құрумен шұғылданады.

Бұл секторларға толығырақ кейін тоқталамыз

## ОӘК –ні қалай дамытуға болады

Егер де жобаның басты мақсаты түсінікті болса, онда оны жүзеге асыру қынға түспейді. Жоғарыда айтылған идеология жобаның негізі болып табылады, сондықтан оның негізгі қағидаларын қатаң ұстану қажет. Ал қалғандары үлкендердің -кеңесшінің қалауына орай жергілікті жағдайды есепке ала отырып, түрлі әдістермен жүзеге асырылады. Оқушылар әрекет ету комитеті қалай үйімдаса алатындығы жөнінде тәменде айтылады, дегенмен, біз шығармашылық ыңғай мен жаңа қызықты шешімдер тек пайдалы болатынын ескерте кеткіміз келеді.

ОӘК-нің аталмыш үлгісі жалпы жиналыс өткізуден басталады. Осы жиналыста ОӘК мүшелері жарғыны қабылдауға, немесе қабылдамауға, оған толықтырулар енгізіл ұсынуға, президенттің және кеңестің мүшелерін сайлауға, сондай-ақ іс-шаралардың жоспарын, бюджеттің, іс-шапалаплын орындалуының уақытын бекітуге және қабылдауға құқылы.

### 1-ші мысал:

Сіздің мектебіңізде Оқушылар әрекет ету комитетін құру үшін бүкіл іс-шаралардың жоспарын жан-жақты талдал, комитеттің құрылымын ойластырып, міндеттерін анықтаумен бірге оның шешіміне дейін қарастыру қажет.

Алғашқы қадам - оқушылардың жалпы жиналысы болуы мүмкін, онда жарғының негізгі және маңызды қағидаларын талқылап, оларды дайындаپ жарғыға енгізетін белсенді топты сайлау керек. ОӘК-нің бүкіл қызметінің негізі жарғы болатындықтан, оған мүмкіндігінше жан-жақты регламент енгізуі тиіс. Мұның маңыздылығы: жарғыда оқушылар әрекет ету комитетінің "занды" негізі айқындалады.

<sup>2</sup> Портфолио – белгілі бір проблемага арналған қолдағы бар бүкіл хабарды қамтитын, қажетіне орай осы хабарларға талдау жасайтын құжаттар пакеті.

Содан кейін, келесі жиналыс уақытын тағайындалап:

- жарғыны қабылдауға
- жарғыда көрсетілген регламент бойынша өзге басқару органдарына сайлау өткізуге
- болашақта жұмыс істейтін проблемалардың тізімі жасауға кірісуге болады

Ең басты, ол өздерінің қоршаган ортаға көмектесіге деген шынайы талпыныстарын, осыған байланысты бар ауыртпашылық сендердің мойындарына артылады, үлкендер сендерге те ақыл - кеңес бере алады, сендер үшін проблеманы шешпейді.

## 2-ші мысал:

Кейбір жағдайда қолайлы болатын тәменде келтірілетін ойын кестесін де пайдалануға болады. Оны жалпы жиналыста окушыларды топтарға бөліп, ОӘК-нің бірнеше нұсқаларын дайындалап, солардың ішінен ең үздік дегенін таңдап алу керек. Осы шара 2 сағаттың ішінде өткізіледі:

- 5 минутта окушылар топқа бөлінеді;
- 10 минутта мақсатты түсіндіріп, алдын-ала дайындалған сұрақтарды таратуға кетеді;
- 30 минут - он минуттық презентацияларды дайындауға бөлінеді;
- 1-3 минутта презентацияларды өткізу ретін белгілеу үшін жеребе салынады;
- 10 минуттан презентациялар өткізіледі;
- 15 минуттық талқылау және ең дұрыс деген нұсқа таңдап алынады.

## Бірінші кезең: ОӘК құру.

1. Окушылардың жалпы жиналысын өткізіп, оларды 8-10 адамнан тұратын бірнеше топқа бөліңіз. Мектептің (қауымның) маңызды мәселелерін шешу үшін әрбір топқа окушылар өрекет ету комитеттің құру керектігі туралы айтыңыз. Топтар мына тәмендегі мәселелерді қарастыруы керек:

1. Аталуы;
2. Құрылымы;
3. Мақсаттары мен міндеттері;
4. Шешімдер қалай қабылданады;
5. ОӘК қандай болады (үлкен бе, кіші мә)
6. Мектептің, ауданның, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдарының адамдарының өздерініздің комитетті құргандарының берілген және оның қалай жұмыс атқарытындығы жөнінде қалай хабарлайсыздар.

Топты құрып, оған атау беріп, жоғарыда аталған мәселелердің бәрін шешіп алғаннан кейін, осы ақпараттың бәрін үлкен қағазға жазыныздар. (ОӘК-нің хатшысын сийласаңыздар, ол болашақта өтетін бүкіл мәжілістердің хаттамасын<sup>3</sup> жазып отырады).

## Екінші кезең. Өрекетті белсенедіру.

1. Бір айдың ішінде белгілі бір проблеманы шешу үшін жұмыс істейміз деп ойлап:

<sup>3</sup> Хаттама – жиналыста, кездесуде болып жатканның барлығының жазбаша көшірмесі, реєсти күжат

2. Проблеманы шешуде пікір-таласты белсендіру мақсатында өткізгіңіз келген бірқатар шараларды алдын-ала жоспарлаңыз, ақша қажет пе, жоқ па, қажет болса, қанша керек екенін алдын-ала ойластырыңыз. Келесі әрекеттерді жүзеге асыра аласыздар:
- жергілікті үкімет өкілдерінің көзқарастарын білу үшін кездесу өткізу;
  - Мүмкін сіз өкімшіліктен, не болмаса басқа ұйымнан осыған ұқсас мәселелер қалай шешіледі, және оны шешудің жолдарын көрсететін маман шақырыңыз келер;
  - ақпараттық бюллетендер шығару және тарату;
  - сол проблемаға ұшырап отырган жергілікті тұрғындармен кездесу өткізу;
  - осы проблемалармен аймақтық көлемде шұғылданатын жергілікті және халықаралық ұйымдармен байланыс жасау;
  - БАҚ осыған ұқсас мәселелерді жүртшылыққа қалай тарататынын білу керек болса, ОӘК-ге журналист шақырыңыз;
  - осы шараларды өткізу үшін бюджет жасау.



### **Үшінші кезең. Жоспарларды салыстыру.**

Жоғарыда көрсетілгендердің бәрін орында болғаннан кейін, оқушыларға топтары бойынша ОӘК-ні және жоспарын презентациялауға мүмкіндік берініз. Басқа топтың оқушылары ОӘК-нің қандай да бір қыры туралы сұрақтар беретін болсын. Оқушыларға сұрақтарды байсалды қабылдап оған дұрыс жауап беру керек екендігін түсіндіріңіз.

Қатысушылар барлық презентацияны тыңдал болған соң, жарғының маңызды және қайши келетін мәселелерін талқылауға уақыт белу керек. Содан барып ең дұрыс деген ұсыныстарға дауыс беріледі, міне дәл осы бастамалар ОӘК жарғысының негізі бола алады.

### **ОӘК ЖАРҒЫСЫМЕН ЖҰМЫС**

Төменде келтірілген жарғының үлгісі өздерініздің ОӘК-нің жарғысының негізі етіп алуды ұсынамыз

#### **Жарғыны жазу барысында жұмысты үйімдастыру:**

1. Оқушылардың жалпы жиналышында жарғыны жазумен шұғылданатын ынталы топ құрылады. Жалпы жиналыш ОӘК-нің құрылымын, сайлау ұстанымын, қатысушылардың жауапкершілігі мен құқтары және т.б. негізгі қағидаларды талқылайды. Жалпы жиналыш алдын-ала шешім қабылдау үшін қаншалықты дауыс



қажеттілігін белгілеуі тиіс: көпшілік дауысы ма, үштен екі бөлігі ме т.б.

2. Үнталы топ үлгіні қолдана отырып, жалпы жиналыштың ұсыныстарына сайкес комитеттің құрылымын, жергілікті жағдайды ескере отырып жарғының нақты жобасын жасайды.
3. Жарғының жобасын талқылап, толықтырулар өнгізу үшін кезекті жалпы жиналышта талқылаға салынады.

- Жарғы жобасы осы сатылардан өткеннен кейін мектеп әкімшілігіне бекітілуге беріледі. Егер мектеп әкімшілігі жарғыны толықтыру туралы ұсыныс жасаса, онда бүкіл өзгерістер ОӘК-нің жалпы жиналысында қабылдануы керек. Егер де жалпы жиналыс жарғының ұсынылған жобасын қабылдамаган жағдайда ынталы топ жобаға қажетті түзетулер енгізу жұмыстарын жүргізеді.
- Сондай-ақ жалпы жиналыста өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жарғының соңғы нұсқасы бекітіледі.

Осылайша, жалпы жиналыста жасалып қабылданған, мектеп әкімшілігі бекіткен жарғы ОӘК-нің жұмысының құқықтық және ұйымдастырушылық базасы болып табылады.

### **ОӘК жарғысының жобасы<sup>4</sup>**

#### **1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР**

- №\_\_\_\_\_ мектептегі окушылар әрекет ету комитеті (кейіннен ОӘК) окушылардың ерікті талап-тілектерінің негізінде, өзін-өзі басқару, заңды және ашық түрде құрылған коммерциялық емес, үкіметтік емес, қайрымдылық, ерікті қоғамдық бірігу болып табылады.
- ОӘК Қазақстан Республикасының Конституциясы, мектептің мемлекеттік конституциясы мен заңдары, сондай-ақ осы аталған жарғының негізінде өзінің жарғылық міндеттерін өтей отырып әрекет етеді.
- Мектеп әкімшілігі мен жалпы жиналыста бекітілгеннен кейін, ОӘК өз жарғысы мен Қазақстан заңының шенберінде әрекет етуші болып табылады.
- ОӘК-н өз таңбасы, фирмалық бланкілері және т.б. қажетті реквизиттері болады.
- ОӘК осы жарғыда көрсетілген шараптар бойынша өз мектебі, ауданы және қала қемелінде де қызметін жүзеге асырады.
- ОӘК өзіне қатысты мүліктердің бәрімен міндеттері бойынша жауап береді. ОӘК-нің құрылтайшылары мен мушелері ОӘК-н міндеттері үшін, ал ОӘК өзінің құрылтайшылары мен мушелерінің алған міндеттемелері үшін жауап бермейді.

#### **1.7. Ұйымның аталуы:**

мемлекеттік тілде "\_\_\_\_\_", орыс тілінде "\_\_\_\_\_".

1.8. Ұйымның қызметі - құрылған күнінен бастап шектеусіз.

1.9. Ұйымның мекен-жайы: \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_ мектепте орналасқан

#### **2. ОӘК МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

- ОӘК-нің мақсаты: мектептің, ауданының, қауымдастықтың деңгейінде проблемаларды шешуге бағытталған қызметтерді жүзеге асыру болып табылады;
- Осы мақсаттарға жету үшін ОӘК өзінің алдына төмендегі міндеттерді қояды:

<sup>4</sup> Ескерте кету керек, бұл үлгі кішкене өзгерістер енгізілген шынайы жарғы болып табылады. Болашакта сіздің ОӘК Қоғамдық Ұйымға айналса, атальмыш жарғыны үлкен өзгеріссіз юстиция органдарына тіркеу үшін колдануга болады. Ал егер сіздер өз құрылымдарыныңды құрып негізіне осы жарғыны алмак болсаныз, оған тиісті өзгерістер енгізуі ұмытпанаыздар.

- Тұрғындар мен жастарды азаматтық қоғам мәселелері бойынша хабардар ету;
- Тұрғындарға қоғамдық өмірге қатысуға көмектесу;
- Жастар мен тұрғындар үшін білім беру семинарларын ұйымдастыру;
- Жас ұрпақты азаматтық қоғамның әлеуметті белсенді мүшесі етіп тәрбиелеу;
- Бүкіл Қазақстан бойынша окуышылар әрекет ету комитеттері арасында әріптестік байланыс орнату.

### **3. ОӘК ҚҰРЫЛЫМЫ, ОНЫҢ ІС–ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ**

3.1 ОӘК-нің жоғары органы ОӘК мүшелерінің Жалпы жиналысы болып табылады, ол айна бір рет Кенес тарапынан шақырылады.

3.2 Жалпы жиналысты өткізудің ұйымдастырушылары ОӘК-нің әрбір мүшесіне жиналыстың өткізілетін орны мен уақытын хабарлауға міндетті.

3.3 Жалпы жиналыс өз жұмысын мүшелерінің 2/3-і жиналғанда ғана өткіzlуге құқықты. Жиналыстың шешімі оның жәй көшілігінің дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

3.4 Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ОӘК-ны тарату, жабуға байланысты мәселелер бойынша жалпы жиналыстың шешімі ОӘК-нің мүшелерінің көшілік дауысымен (немесе 2/3 белгінен) кем болмауы тиіс.

3.5 Жалпы жиналыстың ерекше құzіретіне мыналар жатады:

- ОӘК президентін бекіту;
- ОӘК-ны құру, тарату, жабу туралы мәселелерді шешу;
- Жарғыны бекіту;
- Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- Іс әрекеттің басты бағыттарын тандау;
- ОӘК Кенесінің сандық құрамын анықтау, мүшелерін сайлау, қайта шақыртып алу;
- Бақылау-тексеру комиссияларын сайлау және олардың өкілеттігін тоқтату;
- Кенестің айлық есебі мен бақылау-тексеру комиссиясының қорытындысын бекіту.

3.6 ОӘК-нің тұрақты әрекет етуші жетекші органы жалпы жиналыс мерзімге сайлаган Кенес болып табылады.

Кенестің бүкіл шешімі оның бүкіл мүшелерінің басым көшілігінің дауыс беруімен қабылданады.

3.7 Кенестің ерекше құzіrетіне мыналар жатады:

- ОӘК мүшелігіне қабылдау және шығару;
- Мүшелік жарнаманың көлемін анықтау және оны өз мерзімінде төлеп отыру<sup>5</sup>;
- ОӘК қызметінің бағдарламасын бекіту.

3.8 ОӘК президенті:

- тоқсан сайын мектеп Әкімшілігін ОӘК-н қызметі жайлы хабардар етіп отырады;
- мектептің әкімшілігінің өкілдерін ОӘК-н қызметімен танысуға мүмкіндік жасайды;
- Кенестің мәжілісін дайындал, өткізеді;
- ОӘК қызметінің бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- ОӘК қызметіне жетекшілік етеді;
- Ұйымдастыру – бөліп беру қызметін атқарады;
- ОӘК атынан қажетті құжаттарға қол қояды;
- Мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерде, шет елдерде ОӘК атынан өкілдік етеді;
- Бүйрықтар мен өкім шығарады;

<sup>5</sup> егер бұл жергілікті жағдайға қайшы келмесе, жалпы жиналыста қажет деп табылып, қабылданса

- Кеңес пен жалпы сессияның ерекше құзіретіне кірмейтін, ОӘК қызметіне байланысты сұрақтардың бәрін шешеді.

3.9 Бақылау – тексеру органы: ОӘК-н қаржы және шаруашылық қызметін жалпы жиналыс \_\_\_\_\_ жылдық мерзімге сайлаған З адамнан тұратын бақылау-тексеру комиссиясы жүзеге асырады. Бұл комиссияның мүшелігіне Кеңес мүшелері енуге болмайды. Комиссия жылдық есепке қорытынды дайындауды.

3.10 ОӘК-н ресми және жұмыс тілдері қазақ және орыс тілдері болып табылады.

#### **4. ОӘК МҮШЕЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

4.1 ОӘК мүшелері оқушылар, заңды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер, ОӘК жарғысының міндеттерін бірігіп шешүге мүдделі адамдар бола алады.

4.2 ОӘК-ге мүшелік жазбаша турде арзыздың негізінде бекітіледі:

4.3 ОӘК мүшелері – құқықтары тең, міндеттері бірдей оқушылар.

4.4 ОӘК-н әрбір мүшесі:

- жалпы жиналыстарға қатынасуға;
- сайлауға және ОӘК-н жетекшілік және бақылау – тексеру органдарына сайлануға;
- ОӘК-н кез келген органдың қызметіне байланысты ұсыныстар өнгізуге;
- ОӘК-н жоспарланып жатқан іс-шаралары туралы мәліметтерді алуға;
- ОӘК өткіzetтін іс-шараларға қатысуға құқылы.

4.5 ОӘК мүшелері:

- ОӘК жарғысын қатаң ұстануға;
- ОӘК қызметіне қатынасуға;
- ОӘК-н басшы органдарының шешімін орындауға;
- ОӘК-н жалпы жиналысына қатынасуға;
- мүшелік жарнаны жүйелі түрде ай сайын \_\_\_\_\_ теңге көлемінде төлеп отыруға (егер жарнаның жиналуды жалпы жиналыста шешілсе) міндетті.

4.6 ОӘК мүшелігінен шығу мынадай жағдайларда мүмкін:

- жеке арзызының негізінде (қоғамдық бірлестіктер үшін – басшы органдың шешіміне сәйкес);
- Кеңестің қандай да бір мүшені ОӘК мүшелігі қатарынан шығару туралы шешімінің негізінде

#### **5. ОӘК ҚЫЗМЕТИН ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ**

- 5.1 ОӘК қызметінің тоқтатылуы (қайта құрылу, қосылу, бірігу, бөліну, шығу) жалпы жиналыстың шешімімен жүзеге асырылады. Ұйымды тарату туралы шешім ОӘК-н жалпы жиналысы мүшелерінің 2/3 дауысынан кем болмаған жағдайда қабылданады.
- 5.2 ОӘК-н мүлкі ол таратылғаннан кейін қайтадан құрылған бірлестіктерге заңда қарастырылған тәртіпперге сәйкес өткізіледі.
- 5.3 ОӘК-ны тарату жалпы жиналыстың шешімімен, не болмаса жалпы тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Жалпы жиналыстың тарату туралы шешімі ОӘК мүшелерінің жалпы жиналыс мүшелерінің 2/3 дауысынан кем болмаған жағдайда қабылданады.
- 5.4 ОӘК-ны тарату нәтижесінде, кредиторлардың талаптарын қанағаттанырғаннан кейін, қалған мүлік ОӘК-ның құрылған мақсаттарына бағытталады.
- 5.5 ОӘК таратылғаннан кейін қалған мүлік ұйым мүшелерінің арасында бөліске түспейді.
- 5.6 ОӘК таратылғаны туралы шешім ОӘК жарғысын бекіткен органға жіберіледі.

Осы жарғы қазақ тілінде дайындалып, орыс және ағылшын тілдеріне аударылған, даулы сұрақтар туа қалған жағдайда негізге қазақ (орыс) нұсқалары алынады.

**БЕКІТІЛДІ**  
ОӘК Президенті

Фамилиясы, аты-жөні күні

Мектеп өкімшілігі

Фамилиясы, аты-жөні күні

### ОӘК жұмысы қалай үйімдастырылуы керек



Комитеттің жұмысы басқа да кез келген үйімның жұмысы сияқты, рөлдерді дұрыс беліп, әркім езінің немен, ол іспен не үшін шұғылданатынын білсе және іс-шаралардың үзақ мерзімге бағытталған жоспары болған жағдайда ғана тиімді болады.

Оқушылар өздері қай сектормен және қай іс-шаралармен жұмыс істеуді қаласа, соған қатыса алады. Ал кеңесші

секторлардағы бүкіл позициялардың бос болмауын қамтамасыз ету керек және оқушылардың ол позицияларды өз мүмкіндіктері мен дарындарына қарай алып отырғанына көзін жеткізу керек.

ОӘК-нің жұмысы, сонымен қатар, еңбектің дұрыс үйімдастырылуы мен ішкі менеджментке де тәуелді болады. Проблемаларды анықтаудан шешуге дейін ол бірнеше кезеңнен өтеді:

Бұл кезеңдер тәмендегілер:

- Проблемаларды анықтау («ми құйыны», сауалнама)
- Ақпараттар жинау, портфолионы талдау және дайындау;
- Ишкі менеджменттең қаржылық жоспарын дайындау;
- Өздерің үшін ықтимал ең дұрыс серіктесті айқындау (ҮЕҰ, жергілікті үкімет және т.б.)
- Жоспардың соңғы нұсқасын бекіту үшін жергілікті серіктестермен қажетті кездесулерді үйімдастыру;
- БАҚ-пен жұмыс;
- Проблемаларды шешу үшін өрекеттеннұ;
- Қорытындыларды талқылау үшін презентация өткізу

Жарғысы бар және регламентке сәйкес кеңесі сайланған ОӘК жұмыс істеуге өзір болады. Жұмысты ОӘК-нің барлық мүшелері қатысатын жалпы жиналыс өткізуден бастау қажет. Бұл жиналыста ОӘК шұғылдана алатын проблемалардың тізімін жасап, тізімнің ішінен тәмендегі талаптарға сәйкес келетін тақырыптар тандап алынады:

1. **Өзектілігі** – аталған мәселемен шұғылдану аса маңызды.
2. **Шынайылығы** – аталған мәселені шешуге ОӘК-нің шамасы келеді.
3. **Уақыттылығы** – аталған мәселені осы уақытта шешу керек.
4. **Тиімділігі** - қаржылық шығынның ақталуы, мысалы кеткен қаржымен салыстырғанда мәселені шешкен жағдайда көпшілік алған пайданың артық болуы.

Проблемалар тізімі жоспарға өздерінің өзектілігі, кезек күттірмес дәрежесі бойынша және ауқымына қарай, жоспарда жүзеге асырылуының қаралайымдысынан курделісіне қарай жазылады. «Асықтаған арбамен қоянды қуып жетеді» дегендей, ең бастысы өз әлдерің мен күштерінді шамалаған жән. Алдымен кіші проблеманы шешіп алып, одан үлкеніне көшкенде, сендердің біршама тәжірибелерің болады да, жеміске аса қындықсыз жетесіндер.

Проблемалар тізімі бекітіліп болғаннан кейін ақпараттық-сараптама сектор осы тақырыпқа байланысты мүмкіндігінше барлық ақпаратты жинастырады:

- Осы аталған мәселе бойынша әкімдікте кім жауапты? Шенеуніктермен кездесуді қашан және қалай өткізуге болады?
- Осы бағытта жұмыс істейтін ҮЕҰ-р бар ма? Ол ҮЕҰ-ның қайсысымен қалай байланыс жасауга болады?
- Бұғінге дейін қандай жұмыстар атқарылды, қандай істер атқарылған жоқ және неліктен атқарылмады? Не тиімді, не тиімді емес және олардың себебі не?
- БАҚ-тың бұл проблемалардан мәліметтері бар және бұл проблемалар қаншалықты дәрежеде жүртшылыққа хабарланған, егер хабарланбаса, себебі неде?

Жиналған мәліметтердің негізінде проблемалардың портфолиосы дайындалып, кеңеске беріледі.

Кеңес проблемаларды шешуге мүмкіншілік беретін әдіс-тәсілдерді іздеңдерді және жүргізілетін іс-шаралардың жоспарын алдын-ала жасап, оны жалпы жинальық ұсынады. Жалпы жинальыс жоспарды талқылау және қажет болса, қосымшалар мен түзетулер енгізген өзгерістерден кейін бекітеді. Аталмыш жоспарға әрбір міндеттер уақытша график бойынша секторларға берілген тапсырмаларды шешуге болатын мақсаты, міндеті, әдістері енеді.

Осыдан кейін секторлар өз жұмыстарын бастайды. Фандрейзинг секторы қажетті мәліметтерді, мысалы, потенциалдық донорлардың тізімін ақпараттық-сараптама сектордан сұраттырады және ақпарат құралдарын өзіне қарату стратегиясын жасайды. Қоғаммен байланыс жасау секторы қажетті келіссәздер жүргізу мен өткізу, БАҚ-пен байланыс жасауды және осы процеске тартылған басқа ұйымдармен жұмыс жасауды қамтамасыз етеді. Жұмыстың жұмыс атқару барысында, жоспарланған акцияларды, концерттерді, т.б. шараларды өткізуге жағдай жасалынады. Президент басқаратын кеңес Кеңесшінің ақыл-кеңестік қолдауымен секторлардың жұмысын шоғырландырып, ұйымшылдық пен шапшаңдықты қамтамасыз етеді.

## ОҚУШЫЛАР ӘРЕКЕТ ЕТУ КОМИТЕТИНІҢ ОРТАСЫ

### ОӘК және мектеп әкімшілігі

Оқушылар әрекет ету комитетін ұйымдастырудың маңызды және мәнді жақтарының бірі – мектеп әкімшілігі мен ОӘК арасындағы жақсы қарым-қатынас. Әрине, кейбір мектептерде бұл қарым-қатынас мектеп үкіметі немесе мектеп республикасы аясында қалыптасқан болуы мүмкін. Бірақ, сіздің мектебінізде оқушылар әрекет ету комитеті жаңадан құрылып отырган болар, онда ең маңызды қадам – ол бірінші күннен бастап әкімшілікпен құрмет пен әріптестікке негізделген қарым-қатынас қуру.

ОӘК-нің бағдарламасы оқу үрдісінің жалғасы екендігін түсіну маңызы. Бұл практикалық сабактар алдымен жас үрпақты азаматтыққа және белсенділікке тәрбиелеуге бағытталған.



Егер сіз мектеп әкімшілігін окушылар әрекет ету комитетінің міндеттері мен мақсаттары туралы дұрыс хабардар етсеңіз, онда түсініспеушілік орнына әкімшілік тарапынан өзініз күтпеген қолдаулар табуының мүмкін. Сонымен бірге окушылар әрекет ету комитетінің шеңберінде болып жатқан шаралары мен жоспарлары туралы әкімшілікті хабардар етіп отырулары керек, себебі мектеп әкімшілігі мектеп қолемінде өтіп жатқаның бәріне жауапты. Соңдықтан, егер де сіздер мектеп тарапынан қолдау тапқыларының келсе, онда өз жоспарларының жөнінде уақытында немесе алдын-ала мектеп әкімшілігін хабардар етіп отырыңыздар. Бірінші күннен бастап мектеп әкімшілігімен дұрыс қарым-қатынас орнатсаныздар, будан быттайты жобалардың, немесе әкімшілікке қатысты іс-шаралардың табысты орындалуы сәзісіз.

### Кеңесші (мұғалім) рөлі

Кеңесшінің рөлін түсіндіру оңай емес, оған қоса бұл рөлдің маңыздылығын артық бағалап қоюдың өзі мүмкін емес. Дегенмен, кеңесші рөлі қаншалықты айғын білінбесе, ол соншалықты толық жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, кеңесші сіздердің неғұрлым көнірек ынталы болуын, даралығын, шығармашылық ынғайларын көбірек көрсету үшін мүмкіндік беретін орынды ұстану керек. Жобаның басты міндеті - сіздерге қауымдастырыңың маңызды әлеуметтік проблемаларын шешуде тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беру. Сонымен қатар бұндай тәжірибе сіздер үшін неғұрлым өз беттерінізше жұмыс істей алсаңыздар, соғұрлым пайдалы, нәтижелі болатының ұмытпағандарының жөн. Белсенділік және ынталылықты көрсетуден қауілтенбеніздер, ейткені, бұл қасиеттер үшін болашақта сіздер қолдай таба аласыздар.

Алайда, бұл айтылғаның барлығы Кеңесшінің сіздерден алшақ болу керектігін білдірмейді, өсірсек, ол бөлініл кетпеу керек. Жоғарыда айтқанымыздай, кеңесшінің рөлі ете маңызды және жауапты. Кеңесші сіздерге өз жоспарларыңа шынайы көзқараспен қарауға көмектесуі тиіс.

Кеңесші іс-шараны атқарған кезде ортадағы жайттарға кеңіл бөлу керектігін өз тәжірибелерініз арқылы түсінуге көмектесіп, және сіздердің шамаларының жетпейді деген сәттерде жалған жолмен жүруден бас тартуға сендеру керек.

Күрделі жағдайдағы кеңесшінің ұстанған позициясын келесі мысалмен көрсетуге болады:

окушылар өздеріне жетекші етіп таңдаған адамы, кеңесшінің ойынша дұрыс таңдау емес делік. Кеңесші, дегенмен ешнәрсені өзгертуейді, окушыларға басқа адамды сайланадар деп те айтпайды. Осы жерде окушылардың таңдауының дұрыс еместігіне өздерінің көздері жетуіне мүмкіндік туды. Немесе, сайланған окушы жауапкершіліктің мол екенін түсініп, жөнделуге тырысуы мүмкін. Екі нәтиже де жақсы, бірінші жағдайда окушылар өздері басқа біреуді қайта сайлайды, екінші жағдайда оның қажеті де болмайды.

Сондай-ақ, кеңесшінің міндеттіне мектеп өкімшілігі мен комитет арасындағы екі жақты байланысты үйымдастыру кіреді. Бұл деген кеңесші комитеттің "агенті"<sup>6</sup> болу керек дегенді білдірмейді.

Көптеген мысалдар көлтірсек те, кеңесшінің жолында кезігетін барлық нәрселерді қамти алмаймыз, дегенмен, осы тарауда аталып өткен принциптерді ұфу, кеңесші үшін, тәртіптің ең дұрыс және тиімдісін тандауды көмектеседі.

### Еріктілердің рөлі

Окушылар әрекет ету комитеттің жобасының ете маңызды қырларының бірі еріктілік бастаманы қолдау болып табылады. Егер сіздің аймақта Бейбітшілік Корпусының еріктілері бар болса, оларды окушыларға осы аталған жобаға тегін еріктілік қатысады қаншалықты маңызды екенін түсіндіру үшін шақырыңыз. Әдетте, Бейбітшілік Корпусының еріктілері мұндай әлеуметтік мәні бар жобаларға қуана қатысады. Олардың әртүрлі елдерде болуының мақсатының өзі әлеуметтік мәні бар мәселелерді шешуге көмектесу. Аталған еріктілерден басқа жобаға қатысуға тілек білдірген адамдарды, мысалы, осыған ұқсас мәселелерді шешумен айналысып жүрген жергілікті ҮЕҰ-ның мүшелерін, не болмаса осы салада жұмыс істейтін мамандарды шақыруға болады. Ендігі бір мүмкін ресурстар белгілі бір ҮЕҰ-н мүшесі болып табылмайтын жобаға қызығушылығын танытқан адамдар, мысалы, окушылардың ата-анасы, немесе қауымдастықтың мүдделі мүшелері, жеке адамдар т.б. болуы мүмкін.



Осылай еріктіліктің мысалы арқасында окушылар ақысыз, пұлсыз волонетрлік негізде акцияларға қатысады қызығушылығын танытқан адамдар, мысалы, окушылардың ата-анасы, немесе жобалар немесе жергілікті ҮЕҰ-ның қызметтіне қатысуға еріктілерді тарту және окушылардың еріктілік қадамдарын құптау ете пайдалы болып табылады.

### Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының (әкімдіктің), ҮЕҰ-ның рөлі.

Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, ҮЕҰ-ның рөлі маңызды бола тұра шектен аспау керек. Мысалы: шешілеттін проблемалар анықталып, көмекке әкімдіктен арнағы қызметкерлер бөлінсе, олардың тараапынан көрсетілеттін көмек орынды, қажетті болу керек. Ұақыттары тығыз, жұмыстары көп қызметкерлердің көnlін жіл бөлуді әдетте айналдырымау керек, көмектерін шұғыл керек болған жағдайдаған сұрау керек. Әртүрлі үйымдармен жұмыс істегенде ОӘК-нің мүшелері кәсіпқой мамандармен жұмыс істеп отырғандарын ұмытпай, өздері де кәсіпқойлық қабілеттерін көрсету керек. Осындай өзара сыйластық, қарым-қатынас орнаған жағдайдаған, әріптестер

<sup>6</sup> Агент – кандай-да бір адамның не үйымның мүддесін корғайтын адам, солардың өкілі

<sup>7</sup> Филантропизм (грек тілінен philein жақсы көру және anthropos адам) – балаларды табигат заңдарына сай, жастардың психикасына сәйкес өзіндік әдістер арқылы адамдар арасында достық сезімін үйялатуға негізделген тәрбиелеу жүйесі.

тарапынан да ОӘК-ге деген құрмет қалыптасады. Проблемаларды өзге үйымдардың көмегінсіз өз бетінше шеше алу өте маңызды. Алайда, әкімшіліктің, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының тікелей қызметі болып табылатын іс-шараларды әкімдіктің өзі бастап беруге міндетті, басқаша айтсақ, бұл үйымдар жоспардағы шаралар туралы алдын-ала хабардар болып қана қоймай, сәйкес бөлім немесе мекеме қызметкерлерімен бірге өз іс-әрекеттеріндегі үйлестіріл отыру керек. Нұсқаудың сонында жергілікті мемлекеттік басқару органдары мен түрлі үйымдардың өзара қатынасының схемасын таба аласыз.

Сонымен қатар, өздерінің қоғамдық жобаларын үйымдастыру мен дамытудағы тәжірибелерімен белсуз үшін жергілікті ҮЕҰ-ның жетекшілерімен кездесулер өткізу жөн болады.



### **IFES рөлі.**


ОӘК жобасының дамуындағы IFES орны аз емес. Солай бола тұра, ОӘК IFES-сіз жұмыс істеп, әрекет өте алмайды деген пікір жалған, өйткені окушылар мен мұғалімдердің бастамасының арқасында ғана ОӘК құрылып, жұмыс істеуі мүмкін, және осы құрылым мектепке қажет болған жағдайда ғана орын алады. IFES осындағы үйымдар қайткен күнде де құрылу керек деген ойды дұрыс деп санамайды, сондай-ақ өміршең емес комитеттерді қуаттамайды. Сонымен бірге, ОӘК өткізетін шараларға IFES мүмкіндігінше аз араласқанды дұрыс көреді. Қауымдастықтың проблемаларын шешу барысында Сіздердің өз беттерінмен, ешкімнің көмегінсіз жұмыс істегендерің өте маңызды. Алайда, егер ОӘК-ге IFES тарапынан мысалы, қалалық әкімдікпен байланыс орнату үшін және т.б. жағдайларда көмек қажет болса, IFES өкілдері осы мәселеге өз мүмкіндігінше ықпал етеді. Одан басқа IFES мамандары төменде көретілген шараларды өткізуге қол ұшын бере алады:

- Ақпараттық-әдістемелік көмек беру;
- Қазақстан мен шетелден серіктес үйымдар іздел табуға көмек беру;
- ОӘК-нің мүшелері мен кеңесшілеріне арнал қосымша тренингтер үйымдастыра алады.

### **ОӘК болашағы**

Окушылардың әрекет ету комитеті – бір күндік, немесе бір ғана мәселені шешүмен шұғылданатын үйім емес. Дұрыс үйымдастырылған ОӘК қауымдастықтың проблемаларын шешу жолында тұрақты жұмыс істейді. ОӘК белгіленген жобамен жұмыс істеу барысында да жаңа тақырыптар іздестьіріп отыруға тиіsti. ОӘК-нің белсенді жұмыс атқаруын қолдау оның тұрақты дамуы мен тиімді жұмысының негізгі факторы болып табылады.

ОӘК тұрақты даму үшін, ең алдымен жақсы атқа ие болу керек. Өз жұмыстарын іске асыру кезінде окушылар жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен, ҮЕҰ-мен, халықаралық қайырымдылық үйымдармен, КСК және БАҚ-пен және т.б. өр түрлі үйымдар мен топтардың көпшілігімен жұмыс істейін болады.



Осылардың көмегі мен қолдауының арқасында ОЭК өз қызметін атқаруда көп женілдік көре алады. Бұл мекемелердің құрметіне ие болу үшін ОЭК өз жұмыстарында жоғары кәсіпқойлық деңгейін көрсету керек. Аталмыш ұйымдардың көбісі ОЭК мүшелері оқушылар болғандықтан сенімсіздік білдіріп, оларға үйім ретінде сенімсіздік білдіруі мүмкін. Міне осыған байланысты келешекте мүмкін серіктестерге жағымды әсер қалдыру өте маңызды.

Белсенді болу - қолдау табу жолдарының бірден-бірі, сондықтан ОЭК-ге өзінің жақсы аты үшін қол жеткізген табыстарына қанағаттанаңып қана отыруға болмайды. Оқушылардың бар қүштерін салып еңбек етуіне қарай бағалануы да беріледі сәзсіз. Егер де комитет қандай да бір проблемамен жұмыс істеу үстінде оны шеше алмаса, онда бұл ОЭК-нің жұмысы сәтсіздік үшіндерді деген сөз емес. Керісінше, атқарылған жұмыс болашақта іске асырылатын жұмыс үшін жақсы тәжірибе болады. Сондай-ақ, өздерінің жұмыс барысында атальған тақырыпқа жүртыштырылтың назарын аудартуларын, көпшіліктің ол проблема туралы естіп білуі, осының бәрі табыстың өзі емес пе?.

Әдette ұйымдар өздерінің іс-әрекеттеріне сенімсіз болғандықтан ортадан қолдау көрмей, қыншылықта ұрынады. Сондықтан да ОЭК берген үәделерін нақты орындалап, қаржыға байланысты еспеті үқыпты жүргізу керек. Егер де ОЭК үйімдармен адамдар тараپынан құрмет пен сенімнен айрылып қалса, бұрынғы жағдайды орнына келтіру қынға соғады. «Атақ алдыңа жүріді», демекші, жақсы атынан айырылған ОЭК-ні жаңа әріптестер құрметтеуге асыға қоймас, ал жағымсыз аты бар ОЭК-ні тіптен қолдамауы шын. Бұл әсіресе қаржы мәселе сіне қатысты. ОЭК жұмысы қашшалықты сапалы болғанмен, есеп беру жұмысы нашар жүргізілсе, ондай комитеттің барлық әрекеттері сенімсіздік туғызады.

ОЭК жергілікті қауымдастықта болып жатқан оқығаларға ат салысып қатысқаны жән. Түрлі жыныштарда ОЭК-нің қызметі жөнінде көбірек ақпарат тарату, оны көпшілікке түсіндіріп, таныстыру жаңа мүшелерді тартып қана қоймай, оның қызметіне де үлкен қолдау көрсетеді. Осындай таныстыруларға жауапкершілікпен қарап дайындалып, таныстыру қызықты да, әсерлі етуіне тырысу керек.

ОЭК-нің құрамы жыл сайын өзгеріп отыратын болғандықтан, жаңа мүшелердің келуі өте маңызды, кері жағдайда көп ұзамай ОЭК-нің жұмысы тоқтары анық. Ал мектеп бітерген оқушылар ОЭК мүшелері қатарынан шығуы да табиғаттың занындей. Осы уақытта жаңадан келген мүшелер ОЭК жұмысына жаңа кезқарастар әкелсе, қалған бұрынғы мүшелер олардың жұмыстарын бағыттап, ОЭК жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

ОЭК-нің әрбір жаңа мүшесінің жұмысқа деген өзіне тән қатынасы мен белгілі бір дарыны болады. Жұмыс тиімді және белсенді атқарылу үшін ОЭК соларды сақтап қалуға бар күшін салып, оларды міндетті турде ынталандырып отыруы қажет

ОЭК-нің тұрақты дамуы үшін қосымша ресурстар қажет болуы мүмкін. Сондықтан да, ОЭК жаңа мүшелеріне өздерінің тәжірибелері мен табыстарымен белісін отыра, келесін іске асыра алады:

- қоғамдық ұйымға, ҮЕҰ-ға айналу;
- сол уақытта жұмыс істеп жатқан ҮЕҰ құрамына кіру;
- ОЭК идеясын студенттік деңгейде тарату;


- ауыл, аудан, қала көлемінде сабактастық ұстанымдарын қолдану.

## ОӘК форумы

ОӘК үйымдастырылып, қызметі басталып, оқушылар жұмыла қызмет етіп және жобалардың бірнешесін жүзеге асырганнан кейін қорытынды шығарып, қол жеткен табыстар жөнінде айту керек. Сонымен бірге ОӘК-мен бірлесіп жобада жұмыс істеген үйымдар мен оның өкілдері міндетті түрде атальп өтілуі керек. Осы мақсатта IFES "ОӘК форумы" атты шараны өткізу дұрыснады. ОӘК мүшелері Forumды өздеріне ынғайлы уақытта өткізе алады (әдетте ол оқу жылының соны). Форумға ОӘК-нің барлық серіктестері мен қауымдастықтың проблемаларын шешуге ат салысқан үйымдардың өкілдері шақырылады. Онда ОӘК олардың барлығына (керек болса ерекше біреулеріне) атқарылған жұмыстары үшін алғысын айтып, жергілікті қауымдастықтың қолдауын тауып, БАҚ-қа атқарған жұмыстарын баяндап, болашаққа артқан жоспарларымен бөлісе отырып, өздеріне жаңа ойлар алуы мүмкін. Ал ез ауданында тағы да басқа ОӘК (лар) бар деген ақларатқа ие болса, осында шараны бірге жоспарлап бірге өткізуге болады. Оның негізінде екі комитет бір-біріне сабак беріп, тәжірибесімен алмасып, өздерінің таныстары мен серіктестерінің санын өсіре алады. Форум ОӘК-нің іс-шара жоспарына дербес жоба ретінде кіре алады. Бұл форумдарды өткізуға дайындық жұмысы алдын-ала жүргізіліп, сыйлықтар алуға қаржы көздерін іздестіруді және т.б. жұмыс ертерек басталады дегенді білдіреді, және ол Форумды жоғарғы деңгейде өткізуға мүмкіндік береді. Форумды өткізу ОӘК-нің іс-қызметі жөнінде үтіг жұмыстарын жүргізу, серіктестік байланыстарды реттеу мен бекіту және ең ерекше көзге түскендерді мадақтау үшін өте маңызды болып табылады.

## ФАНДРЕЙЗИНГ ПЕН ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ

Біз бюджетті дұрыс құру мен ақшаны тиімді жарату деген тақырыпты өнгімелемейміз, біз қажет ресурсты қайдан және қалай іздел табу керек туралы сыр шертеміз.



Оқушылар өрекет ету комитеті шүгүлданатын проблемалардың көбісін шешу белгілі бір шығынды талап ететіні құпия емес. Соңдықтан да бұл мәселені жаңжақты қарастыру қажет.

Мысалы, оқушылар заң мен мектептің ішкі тәртібіне қайшы келмейтін ресурстарды қалай таба алады. Ол үшін ОӘК құрылымында қаржы секторы бар және ол сөзсіз түрде төмөндегідей қаржы

мәселелерін шешуі тиіс:

- жобалар бюджеттін жасау;
- қаржыландырудың мүмкін көздерін іздестіру;
- есеп жұмыстарын жүргізу.

Дәл осы жердегі қаржы секторының рөлі, қаржы немесе басқа ресурстарды керек ететіндер мен сол қаражатты бере алатындар арасындағы жаразтырушы болады, ол ақшаның қайда, қалай, не мақсатта жұмсалып жатқаның бақылаушылар рөлінде болады. Егер оқушылар өрекет ету комитетінің жұмысы белгілі бір қаражат жұмсауды талап ететін болса, онда сауатты бюджет жасалынып, ол қаржыларды алудың кезі мен жолдары

іздестіріліп, қайда, не үшін жұмсалатынын ойластырып, міндепті түрде қаржының көзделген мақсатына жаратылғанын қадағалау керек.

«Фандрейзинг» терминін қарастыра отырып, оның – әлеуметтік мәні бар бағдарламаның жүзеге асуы үшін қаржы-қаражатты жинау, тарту үрдісі екенін атап өтейік.

### **Фандрейзерге қойылатын талаптар:**

- адамдармен қатынас жасай білу; (коммуникабельность)
- кез келген ортада өзін еркін ұстай білу;
- энтузиазм;
- сендіре білу қабілеті;
- еріктілерді дайындау, олардан команда құра білу қабілеті.

Қаржы тұрақтылығына қол жеткізу – кез келген коммерциялық емес үйым үшін бірден-бір қажеттілік. Бүгінгідей, ертең де өзіміздің бастаған ісімізді жалғастырамыз деп үміт бар. Ол үшін әртүрлі ресурс қорлары қажет, ал оның қандай және қанша болатындығы ОӘК іс-шараларының стратегиялық жоспарлануы барысында анықталады.

Шығындар әр түрлі болуы мүмкін, мысалы, бір шаралар үшін автобус, материалдар, компьютер, көшірме аппараттар, еріктілердің еңбектері, т.б. жобаны жүзеге асыруға көмектесетін заттардың көрек болуы мүмкін, бірақ окушылар заңға және мектептің регламентіне қайшы келетін әрекетке бармау көрек.

Ресурстарды қарастыра отырып, түрлі үйымдардың тәжірибесінде жий кездесетін кейбіреуін мысалға келтіруді жөн көрдік.

### **КӨМЕКТІ ҚАЙДАН ІЗДЕУ КЕРЕК**

Сіздің шұғылданатын істеріңізден мұлдем айрықша мақсаттары бар адамдар мен коммерциялық үйымдардан қаржылай көмек сұрамастан бұрын, кім де кімнің бөтен адамдарға көмек беруінің себебі туралы ойланған жөн.

Сол себептердің көп тараган түрлерінен төменде мысал келтіріп отырмыз. Адамдар әдette:

- көмек беруді сұрағандықтан және өздері бас тарта алмағандықтан;
- көмек көрсетуге ұмтылғандықтан;
- бұл проблемаларды шешуде өз мұдделерін көздегендіктен;
- олар сіздің үйым шешетін проблемаларда қоғамдық мұddenің бар екендігін білгендейдіктен;
- ОӘК-н жақсы аты болғандықтан;
- “ешкімнен кем емеспін” дегендегі түсінікке жүгінгендейдіктен;
- Ізгі істерге қатысты болғысы келетіндіктен;
- діни сенімдері итермелегендіктен;
- біреулерге жақсылық жасауға тиістімін деп есептеу үшін («күнәсін сезінү»);
- сіздің жұмысыңыздың маңызды екендігін түсінгендейдіктен;
- пайда тапқысы келгендейдіктен (жарнама жасағысы келеді, салықты аз төлеу үшін т.б.) қол ұшын береді.

Өзініздің пайдалылығыныңға басқаларды сендіру жеткілікті емес, оған қоса жалпы қайырмалдық актісін мейлінше ынғайлы және сол адамға маңызы болатындағы ету көрек екендігін есте ұстаныз. Сұхбаттасыңызға өзініздің көңіл-күйінізден бұрын істейін деген жұмысыңыздың маңыздылығы мен мазмұнын жеткізуге тырысыңыз.

Қандай жағдай болмасын, түбінде адамдар белгілі бір нәрсе үшін шығынданады: өздері көрсеткен көмектері үшін санапы түрде болмаса да, ләззат алғысы келеді. Сіздің мақсатыңыз – болашақ демеушінің сұранысын анықтау: материалдық (женілдік, болашақта пайда тусіру); моральдық (солардың ойларынша, жақсы, маңызды іске өз үлесін қосу); қызметтік (сөндер үйымдастырған шараның сапалы ететініне сенімділігі) т.б. қажеттіліктерді ойластырып, оларды қанағаттандыру үшін әрекет жасасаныздар, көмек алу мүмкіндігі үлгая түседі.

Сонымен сырттан ала алатын көмек түрлерін қарастырайық.

Қазіргі кезде көптеген коммерциялық емес үйымдардың қаржыларының көзі шетелдік қорлар болып отыр, олар әлеуметтік мәні бар деген жобаларды жүзеге асыру үшін гранттар тағайындалады.



Корлар жергілікті және шетелдік үйымдардың бірлесіп жасаған жобаларын жиі қаржыландыру тәжірибесін ұстанып жур, мұндай жағдайда шетелде серіктестері бар үймдардың мүмкіндіктері көтеріледі.

**Жергілікті бюджеттен алынатын қаржылар.** Қаржы табудың бүл жолы ең қыын және өлі ретсіз, дегенмен, кейде нәтижелі болып жатады. Ол көбінесе белгілі бір әкімшілік (немесе басқа бір мемлекеттік құрылым, мысалы, білім беру комитеті) сіздің үйым өткізіп отырған шараларға қызығушылық танытқан жағдайда шетелде серіктестері бар үймдардың мүмкіндіктері көтеріледі.

**Корлардан алынатын қаржылар.** Бұндай қорлар бюджеттік немесе бюджеттен тыыс болады. Олар түрлі деңгейлерде жұмыс істеп, түрлі құрылымдармен басқарылады, мысалы: табиғатты қорғау комитеті, аймақтың әкімшілігі немесе қордың басқармасы арқылы басқарылады. Бұндай корлардан қаржы алу бюджеттін қаржы алуға қарағанда онайырақ болады, ейткені қор қаржылары белгілі бір мақсаттарға бағытталған. Осылайша, қаржылардың білім және тәрбие беру бағдарламасына, әдістемелік әдебиеттер шығаруға, кейбір шараларды өткізу үшін жұмысалуына жол ашылады.

**Мемлекеттік (немесе аймақтық) мақсатты бағдарламаларға қатысу.** Мысалы, жастарды қолдау бағдарламасы мектептерде окушылармен ететін сабактарды немесе окушылар қатысатын соган үқсас шараларды қаржыландыра алады. Бұндай бағдарламаларға белгілі бір мекеме жетекшілік жасап, жергілікті орындарда арнайы қорлар құрады. Олар туралы мәліметті жергілікті әкімшілікten алуға болады.

**Коммерциялық компаниялар мен банктерден көмек сурау.** Олардың көбісі қайырымдылық шаралар мен бағдарламаларды қаржыландыра бастады. Бұл жағдайда олардан сыйлықтай көмекпен қатар демеушілік қаржы алуға болады. Соңғысының біріншіден айырмашылығы, демеушілер сіздердің үйымдарыныңбен бірге өткізген іс-әрекеттерден белгілі бір коммерциялық пайда түсіргенді қажет етеді. Компаниялар сіздерге ақша белгеннен гөрі, өздерінің заттарын (тегін не едәуір тәмен бағамен) өткізуге,

немесе, қандай-да бір шығындарыңызды өтеу женілірек болатынын есте сақтаңыздар.

**Мүшелік жарналар.** Бұл жаңа жол емес, ал бүгінгі экономикалық жағдайға оның көп болуы екі талай, сондықтан бұл әдіс жеткілікті түрде қаржы береді деуге болмайды. Дегенмен, бұл қаржаландырудың бір жолы.

**Қайырымдылық шараларын өткізіп қайырмалдық жинау.** Бұл концерттер, марафондар, лотереялар өткізу, жергілікті аймақта таныстал болса ОӘК-нің таңбасы бар атрибутиканы (значоктар, плакаттар, майкалар, жапсырмалар т.б.) сатуға болады.

**Табыс табу.** Бұл үшін белгілі бір өндіріс орны болуы керек (алайда, бұл негізінен тек жоба ғана); экологиялық таза ауылшаруашылық өнімдерін өсіру және дәрі-дәрмектік шөптөр жинау, әртүрлі әкілдік қызмет көрсету: мысалы, машина жуу, немесе, келісіммен жұмыстар атқаруға болады.

Көріп отырғандарыңыздай, қаржы табудың жолдары мен амалдары аз емес. Бастысы – қалай жасалатынын біліп, оны жасай білу.

Жоғарыдағының бәрімен танысқаннан кейін, сіз фандрейзингпен шүғылдануға бел бусаңыз, онда адамдарды сіздің әрекеттеріңіздің қажеттілігіне сендіруді үйренуіңіз керек болады. Ресурстарды тартуға арналған науқандық жұмыс неғұрлым жақсы дайындалса, көмек суралу жолдары қаншалықты ойластырылса, бұл көмекке қол жеткізу мүмкіндігі де соншалықты жоғары болады. Бұндай науқандардың жұмысы ОӘК-нің барлық іс-әрекеті сияқты жоспарлауды қажет етеді.

**Біріншіден:** қаншалықты сенімді болса да ешқашанда тек бір ғана ресурсқа қана сүйенбеніз.

**Екіншіден:** көмекті өзініздің үйімға сұрағаннан гөрі, қогамға белгілі бір пайдасын тиғизетін нақты жобаны жүзеге асыру үшін сұрасаңыз, оны алу мүмкіншілігі үлғаядады.

**Үшіншіден:** көбінесе ОӘК-ге қарт немесе жалғызбасты адамдарға көмек көрсету мақсатында қаржы табу оңайға түседі. Себебі, нақты бір адамдарға көмек көрсету - таза әлеуметтік жұмыс, ал ОӘК мемлекет атқаруға тиісті жұмысты орындаиды. Сонымен қатар мұндай жұмыстың нәтижесі көзге көрінеді және әрбір адамға түсінікті.

Қаржы іздеу стратегиясын құрады алдында түрлі жағдайда қай қаржыландыру көздеріне сүйенуге болатынын және демеуші үшін өз жобаларының ең барабар түрін қалай беретіндігін алдын ала сараптау керек.

Соңында айттарымыз – фандрейзинг процесі табысты болу үшін әртүрлі көздермен жұмыс істегенге қоса, онымен тұрақты түрде шүғылдану керек.

## НЕДЕН БАСТАУ КЕРЕК

Қаржы жинау науқанын жоспарлап, жүзеге асыруға кірісден бұрын үйімның немен шүғылданатынын, оның мақсаттары мен міндеттерін нақты түсіну қажет, өйткені, бұл сіздердің жобаларыңа қаржы белу туралы шешім қабылдайтын адамдарды қызықтыратын ең алғышқы ақпарат.



Осылайша, сіздер қорлардан ба, қала әкімшілігінен ба, банктен немесе жеке тұлғадан ба, кімнен болсын көмек сұрамак болсаңыз, фандрейзингпен шүғылдану ОӘК іс-әрекетін стратегиялық түрде жоспарлауды қажет етеді. Сонымен қатар фандрейзинг себептері - қаржының

қажеттілігі анықталады. Уақыт пен қүшті босқа жібермеу үшін (бұл да ресурс!) қаржыны іздестіру мен жинау жолдары да міндепті түрде жоспарлану керек.

Фандрейзинг науқаның жоспарлай отырып, үнемі ақпараттар жинал талдауға, өздеріне сұрақ қойып, оған жауап іздеуге тұра келеді.

Ең алғашқы сұрақ – бір ресурсты (немесе оның бір бөлігін) басқасымен алмастыруға бола ма? Мысалы, сіз өткізгелі жатқан шарага үндеу басып шығару керек делік. Сізге баспахана иесіне барып, өзінізге көмек ретінде үндеулерді тегін немесе жартылай бағага басып беруді сұрауга болады; қарап отырсаңыз, баспахана иесі келісімін берер? Немесе, келесі бір мысал: сізге жұмысшы қолдары жетпей жатыр делік, маман иесін ақыға жалдап, салық телегеннен ғөрі, еріктілерді табуыңыз жән болар. Ал егер, ерікті немесе серіктес ретінде басқа ОӘК-ні тауып, жұмыс ауыртпалығын беліскенге қалай қарайсыздар?

Келесі - сізге кім қолдау көрсетуі мүмкін? Оң солын өлшеп алып: бір немесе бірнеше қорларға арыз жазады ма, қайырымдылық шаралар өткізеді ме, мелекеттік органдар не коммерциялық құрылымға өтініш жасайды ма, жеке адамдар арасынан қайырмалдық жинайды ма, әлде осы жолдардың бірнешеуін бірақ қолдана ма, әйтеір ОӘК ең дұрыс немесе тиімді деген нұсқаның біріне тоқталады.

Егер де демеуші іздел табамыз деп шешеніздер, толығымен зандармен танысып не занғерлермен ақылдасып алып, өздерінізге мына төмендегідей сұрақтар қойыңыздар:

- Демеушілерге өздерініз қандай женілдіктер ұсына аласыз?- Сізді қызықтырган адамдармен байланыс жасау мүмкіндіктерініз бар ма? Егер жоқ болса, сізге туыстарыңыз не таныстарыңыз көмекке келер?
- Демеушілерге сіз қандай қызметтер мен мүмкіншіліктер ұсына аласыз? Олардың жарнамасын немесе олармен жүргізген сұхбатыңызды жариялайсыз ба? Бұкараптың іс-шаралар өткізу кезінде көрнекті жерге демеуші-компанияның белгісі бар тақтаны орнатасыз ба? Өздерініз өткізетін шараларға шақырып, телекамера алдында сөйлеуге шақыра аласыз ба? (Бұл жерде барлығы ОӘК-нің мүмкіндігіне байланысты).
- Демеушілік көмек көрсету сұранысы мерзімді ме? Бұның да маңызы бар. Мысалы, жылдың сонында компанияда кезектен тыс шығындарға ғана қаржы қалуы мүмкін.
- Және де, ОӘК үшін ең маңызды сұрақтардың бірі: сол демеушімен одақтасу сізге нұқсан келтірмей ме? Ол компанияның беделі қандай?


Кез келген демеушінің назарын аудармастан бұрын, ол туралы көбірек біліп алғаныңыз жән. Өзініздің бұрынғы әрекеттеріңіз бен сұрау хаттарыңызға келген жауаптарды; жергілікті бизнес жөніндегі статистикалық мәліметтерді; басылымдарды, теле және радио хабарларды; мүмкін донорлардың көшшілік алдындағы сезідерін; қандай-да коммерциялық құрылымдардың даму тенденцияларын; олардың қайсысы қайырымдылық шараларымен шұғылданатыны; олар қандай мақсаттар үшін көмек бергендей (акпараттық-сарптама бөлімінің жұмысы) және басқа да нәрселерді талдауға болады.

## ӨЗ МҮМКІНДІКТЕРІНІЗДІ ЖІБЕРМЕНІЗДЕР!

Егер сіз көмек көрсетуге өтініш етіп барып отырган адамыңыз (мекеменіз) үйіміңыз туралы жақсы хабардар екенине сенімсіз болсаныз, онда «сізben әңгімелесуші сіздің айтқаныңыздан басқа ешнэрсе білмейді», - деген оймен сұхбатыңызды жалғастыра беріңіз.

Егер кімде-кім «сіздің ОӘК табысты жұмыс істеп жур» деген ойда болса, көмек сұрап барған адамыңызға бұны неге білмеске? Өз белсенділігінізді “кішкене компания үшін құпия” қылмаңыз. Өз жұмысыңыз

туралы жақсы пікірлер мен басылымдардан архив жинап, өздерінің туралы кебірек ақпарат таратыныздар. Сіздердің жақсы жақтарыңыз туралы адамдар негұрлым көп білетін болса, соғұрлым бағдарлама бойынша жұмыс істей оңайға түсіп, ресурс жинауға мүмкіндік туды. Және бұл естен ешқашан шықлау керек.



Жариялыштық - сіздің үйымға сенудің бірден-бір маңызды алғы-шарты болып табылады. Сіздің қолыңызда көмек бере алатын адамға көрсететін соңғы қаржылық есеп болу керек. Ол бухгалтерлік баланс емес, сіз қаржыны қайdan алатыныңız және ол қаржының қаншасы, қандай бағдарламаға жұмсалғаны туралы жасалған арнайы есеп.

Егер сіз белгілі-бір бағдарламаны табысты жүзеге асырган болсаңыз, онда сіз ол туралы міндетті түрде айтып етіңіз, ейткені ол сіздің үйымыңыздың тиімді жұмыс істей алатындығының бір айғағы. Өздерініздің осы кезге дейін қол жеткізген және көмек алған жағдайда жеткізетін нәтижелерінізді сипаттап беріңіз. Өз бағдарламаларыңыздың табысын бағалайтын ұстанымдарды көрсетініздер, сандық көрсеткіштерден мысал келтіріңіз - тыңдаушыларды сіздің жұмыстарыңыз немен аяқталатыны қызықтырады. Алайда, сіздің дононорға келген мақсатыңыз пікір-алмастыру мен оның дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру емес; сіз үшін басты мақсат - қолдау табу.

Қайрымдылық акциясын жоспарлауда оны жақсы үйымдастыруға қүшініздің жететіндігіне көз жеткізіл алыңыз: барлығы тиянақты ойластырылуы керек, ейткені сіздің шақырган адамдарыңыз қатысқаны үшін қызық нәрсе алу керек. Өз достарыңыз бер жақтастарыңыздың қолдауына сүйеніңіз. Осы шараны өткізуға жұмсалған шығын мен күтілетін табысты есептеп, "еткен еңбек тәккен терге тұра ма?" дегенге жауап іздеу керек, ейткені бұл басты нәрсе.

Әрине, бұл амалдардың түрлі комбинациялары мен жолдарын қолдануға болады. Ол қаржы жинау науқанының дамуына байланысты: сіздер нені жақсы іске асыра аласыздар, қаладағы қазірі экономикалық және әлеуметтік жағдай қандай. Қайткенде де, көмек (қаржы) алғаннан кейін және іс-шараны жүзеге асырганнан кейін, жобаны орындауда жеткен жетістіктерінізді баяндап, өзінізге қолдау көрсеткен демеушілерге алғыс хат жәнелтіп, басқалар үшін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлама жіберіңіз.

Енді, кездесуге барап алдында өзініз неге дайын болу керектіліңіз туралы әнгіме қозғайық:

Ешқашан кешікпей не мақсатпен келгенінізді ұмытпаңыз. Өзінізben бірге ОӘК-нің келешекте өткізетін шаралары туралы (жобада жоспарланған) тиянақты жазылған және әдемі безендірілген буклетін ала барыңыз. Сейлесіп отырғанда мүқият болыңыз, сез таластырманың, сұхбаттасуышының сезін бөлменіз, тек сейлеуді ғана емес, тыңдай білуді де үйреніңіз. Адамды жалықтырып жіберменіз, "ұятына салмақ салмаңыз" және сұхбаттасуышының сіздің сезінізді қолдауына тым күш салмаңыз. Сізге қойылмаган немесе өзініз жауабын білмейтін сұраққа жауап берменіз. Белгілі бір сомадағы қаржыны сұрап, қандай көмек керек екендігін және оның қандай нәтижеге әкелетінін айтыңыз. Өзінізге осыған дейін көрсетілген қолдау туралы айтып, сұхбаттасуыша оның көмегінің зор екенін атап етіңіз.

«Сізге көмек көрсете алмаймыз», дегенге дайын болыңыз. Тұнілменіз, ренжіменіз, ашуланбаның да - бұл жіл кездесетін жағдай (мамандардың бақылауы бойынша, көмектің (қаржының) басым белгілі 5-інші мен 10-ыншы реттегі өтініштер арасында келеді).

Егер де сіз қолдау тауып, көмек алсаңыз, онда осы байланысты ұстап, дамытуға тырысыңыз. Өздерінің туралы олардың естеріне салуға

ұялмаңыздар - ез демеушілеріңізге қоғамдық немесе олардың жеке мерекелеріне қатысты (егерде сіз олар туралы білсөніз) құттықтаулар жіберіп, ез табыстарыңыз берілгенде жетістіктеріңіз туралы үнемі ақпарат беріп отырыңыздар.

Әрине, көмек алғаннан кейін, алынған барлық ресурстың тек кәзделген мақсатқа ғана жұмысалғанын қадағалауға тиіссіздер. Бірақ, қаржылық есептен басқа, олар жобаның жүзеге қалай асырылып жатқанын білгісі келуі мүмкін.

Әдетте, жүйелі түрде аздалап көмек беретін тұрақты демеушінің жәрдемі нәтижесінде бір рет үлкен көмек көрсеткен адамнан артық болып шығады.

## АҚПАРАТ ЖИНАУ МЕН ТАЛДАУ



Ұсынылып отырган материалды азаматтық білім беру ғылыми-ақпараттық орталығы аударып, басып шығарған «Азаматтық жоба» атты кітабынан алынған. Мұнда ақпарат пен оның көздерін іздел табуыдың қыыншылықтары баяндалады. Ақпаратты қалай, қайдан жинастыру керек, оларды қалай өндеп, қолдануға болатындығын білу ОӘК-нің барлық мүшелері үшін пайдалы болады.

Неден бастау керек? Бұл – азды-көпті маңызды істі атқаруды қолға алған адам үшін ең басты сауал. Біз қауымдастықтың қандай да проблемасын шешу үшін қандай қадам жасап, қандай ретпен жүру керектігін анықтап алудан бастаймыз:

### Проблеманы анықтау

Мектебініздің (қаланың, ауданның, ауылдың) маңызды деп есептейтін проблемасын айқындаудан бастаңыз. Атамыш проблеманы шешу қай басқару органының міндеттіне кіретінін, сондай-ақ осы проблемаға басқа үйымдардың қандай қай дәрежеде қатысы бар екендігін анықтаңыз.

### Ақпараттар жинау

Сіздің ОӘК зерттеу үшін алған проблемалардың біріншісін анықтап болғаннан кейін, сізге әртурлі деректерден осы проблема туралы ақпаратты жинап бағалау қажет. Бүкіл жиналған ақпараттар негізінде проблеманың портфолиосын дайындауды бастаңыз.

### Проблеманы шешу жолдарын зерттеу

Сіз осы проблемаларды шешу үшін мемлекеттік басқару органдары, ҮЕҰ және басқа да үйымдар не жасап не жасамай отырганын және ондай құбылыстың себептерін зерттеп, талдау жасайсыз. Сондай-ақ осы мәселелерді шешуде басқа адамдар ұсынған жолдарды бағалайсыз.

### Проблеманы шешудегі өзініздің жеке жолдарыныздың жобасы

Одан әрі, сіздің ойыңызша, проблеманы шешу үшін мемлекеттік басқару органымен, не ҮЕҰ-мен, немесе басқа да үйымдармен бірлесіп жасауға тиісті әдістер, нақты қадамдарды, шешімдерді ойластырып көресіз.

### Әрекет жоспарын дайындау

Жан-жақты әрекет жоспарын дайындалап алып оны жүзеге асыруға кірісіңіз. Жоғарыда ұсынылған қадамдар ретін қолдана отырып, сіздер белгілі бір проблема бойынша – портфолио - құжаттар пакетін жасай аласыздар. Және проблеманы шешкеннен кейін қағазда жүйеленген және талданған ақпарат өте пайдалы болады. Осы түрғыдан қарағанда қажетті құжатты дер кезінде тауып алуға септігін тигзетін ақпарат сақтау жүйесін сөрелер мен

шкафтар орнату арқылы жасау маңызды. Бұдан өзге, жұмыс барысында кездескен адамдардың барлығының адрестері, телефондары және атқаратын қызметі туралы ақпарат беретін өзге папка белгілі қойған пайдалы болады.

Қандай да проблеманы шешу барысындағы кезеңдерді айта отырып, алғашқы «проблеманы анықтау» мен «Аппараттар жинау» деген екі кезеңге белек, тереңірек тоқталып кетуді жөн көрдік.

### **Сонымен, «проблемаларды айқындау» кезеңі**

Осы кезеңде сіздер еліміздің көптеген аймақтарына тән кейір жекеленген проблемалармен танысадыздар. Проблемалардың басым көшілігін мемлекеттік органдар шешеді. Осы проблемалар туралы не білесіздер немесе олардың шешілуі туралы басқа адамдардан не естігендерінде талқылаңыздар. Осы проблемалар және оны шешу туралы өз ата-аналарыңыз бен жергілікті тұрғындардан не сийлайтынын, көзқарастары қандай екенін біліп, жазып алу үшін интервью өткізуіздер. Бұл кезеңнің мақсаты – сіздер тұратын қала мен ауылдың ең маңызды проблемаларын талқылау болып табылады. Бұл сіздерге ең маңызды проблеманы тауып алу үшін қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Сонымен, өз мектебінде, ауданда, қалада немесе ауылда бар проблемаларды талқылаңыздар.

Теменде сізге қарастырып толықтыруға болатын проблемалардың жалпы тізімі мен сыныптастыру келтірілген (әрбір аймақта өзіндік ерекшеліктер бар той, проблемалар бір жерде шұғыл болса, басқа жерде ондай болмауы мүмкін).

### **Проблемалар қандай болуы мүмкін?**

#### **Мектептердегі проблемалар:**

- Бос уақыт (окушылар мектептен кейін немен шұғылданарын білмеуі мүмкін).
- Спорт (спортық кешендерінің болмауы немесе олардың нашар жағдайы, спорт секцияларының санының жеткіліксіз болуы).
- Мектептің ғимараты мен мұлкі (класстары, жихаз, оқу-құрал жабдықтары, осылардың жағдайын жақсарту үшін ОӘК қандай жұмыстар жүргізе алады).
- Үлгерім (жаңа әдістемелерді іздеңіру арқылы оқу үрдісін жетілдіруге ықпал ету, мұғалімдерге арналған семинарлар мен тренингтер өткізу үшін қаржы көздерін іздеңіру).
- Толеранттық (Кейбір мектеп окушылары өз сездерінде белгілі бір адамдар тобының ар-намысына тиетін сездер мен сөйлем құрылымдарын қолдануы).
- Мектеп рәкеті (Окушылардың көбісі мектепте және мектептен тыс болатын бұзакылықтарға байланысты өздерінің жеке бағдарының қауіпсіздігі үшін қорқады).

#### **Жастар проблемасы:**

- Кейбір жастар өздерінің жеке мұқтаждықтарына қажет ақша табу үшін мектептен кейін және демалыс күндері, жіл сабактан қалып жұмыс істейді. Бұл олардың мектептегі үлгеріміне кері өсер етеді.
- Отбасын қамтамасыз ету үшін кейбір ата-аналар кезетен тыс жұмыс істейді. Осының нәтижесінде балалар қараусыз қалады да өздерімен-өздері болады, оның соны келеңсіз жайттарға өкеліп соқтыруы мүмкін.

#### **Көгамдық қағидаларға байланысты туындаитын проблемалар**

- Мектепке таяу орналасқан кейбір дүкендер арақ-шарап және темекі өнімдерімен сауда жасайды. Ал енді біреулері мектептің жаңында жеке адамдар келеңсіз заттар деп есептейтін тауарларды сатады.

- Тұрғындарға қызмет көрсетумен шұғылданатын кейбір мекемелер қарт адамдар мен мүгедектер үшін қажетті жағдайлар жасамайды.

### **Жеке тұлғаның негізгі бостандығына байланысты проблемалар**

- Адамдардың көбісі ез құқықтарымен таныс емес
- Балалар құқығы қорғауды қажет етеді (балалар құқығының бұзылуы, оларға ата-аналары мен басқа ересектер тарағынан күш көрсету проблемалары).

### **Қоршаған ортаға байланысты проблемалар**

- Кейбір аймақтар қоршаған ортаны қорғауға және өндірістегі адамдардың денсаулығын сақтауға байланысты проблемаларға кезігін отыр.
- Кейбір аймақтарда қалдықтарды қайта өндеуге арналған бағдарламалар жоқ, немесе ол бағдарламалар жұмыс істемейді.
- Мектептің және оның төнірекіндегі қолайсыз экологиялық жағдай.

### **Енді талқылайтын екінші кезең «ақпараттар жинау» кезеңі:**

Сіздерге ең қызықты және өзекті деген проблемаларды жеңілінен күрделісіне қарай ретімен тізіп жазу керек. Сосын сол тізімнен «дәл осы проблеманы шешумен айналысамыз» - дегенін таңдал аласыздар.

Осыдан кейін әрбір сектор ез жұмысына кірісе алады:

- Қаржы секторы таңдалған проблеманы шешуғе арналған жоба бюджетін жасаумен және оны қаржыландыру көздерін іздестірумен шұғылданады.
- Қоғаммен байланыс секторы ОӘК беделін көтеру бағытында науқанын бастап, пайдалы байланыстар орнатуға кіріседі.
- Ақпараттық-сараптама сектор осы проблема бойынша бар ақпараты жинау және талдау жұмыстарын одан әрі жалғастырады.

## **АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМА ЖҰМЫС**

Алғашқы ақпаратты жинаудан басталады, оған:

- Сұхбат өткізу (ең таныстарынызбен, достарынызбен, не бетен кісілермен сұхбаттасып, таңдалған проблемаға деген қауымдастықтың көзқарастарын тану),
- Баспа мекемелерімен жұмыс (сіздің аудандагы, мектептегі, қаладағы не ауылдағы проблеманың маңыздылығына дәлел табу үшін газеттер мен басқа ақпарат көздерін шолып, оның шешу жолдарын анықтау),
- Теле-радио бағдарламаларды шолу (сіз таңдаған проблема қандай да бағдарламада қаралып талқыланады деген ақпаратқа кезіксеңіз, бұл да әте жақсы ақпарат көзі) жатады.

### **Ақпарат көздері**

Тәменде сіздердің жұмысынызға қажет болып қалатын ақпараттар көздерінің тізімін беріп отырмыз. Осы тізімді оқып шығып, талқыланыз. Сіздің ауылыңызда немесе қалаңызда қандай ақпарат көздері бар және олармен қалай байланыс жасауға болатынын анықтаңыздар. Содан кейін зерттеу командаларына бөлініңдер. Әрбір зерттеу командасы көрсетілген деректердің бірін не бірнешеуінен мәлімет жинауға тиісті.

### **Ақпарат көздерінің түрлері**

**КИТАПХАНАЛАР** – мектептегі, университеттегі, аудандық және қалалық кітапханалардағы газеттер мен журналдардан және басқа басылымдардан сіз өздеріңіз зерттейтін проблемалар жөнінде қажетті

ақпараттарды таба аласыздар. Кітапхана қызметкерлері сіздерге қажетті ақпараттарды табуға көмектеседі.

**ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯЛАРЫ** - сонымен бірге сіздер өз қалаңызыдағы газет редакцияларына бара аласыздар. Репортаж дайындастын журналистер, қоғамдық проблемалар жөнінде ақпараттар жинайды және оларды шешудегі мемлекеттік органдардың іс-қызметін жариялады. Редакцияда сіздерге зерттеп жүрген проблема жөнінде ірітелген материалдар мен фотоқұжаттар жинағын ұсына алады.

**ЖОО-Қ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР – Жергілікті институттар мен университеттердің ғылыми қызметкерлері мен оқытушылары** сыйып зерттеп жүрген проблемалардың жақсы сарапшылары бола алады. Сіздер осы мекемелерден кеңес беруін сұрауларынызға болады. Сондай-ақ сіздер өз ауданыңызыдағы орта мектептерде қоғамтану немесе әлеуметтік цикл пәндерінен сабак беретін мұғалімдерден көмек сұрауынызға болады.

**ЗАҢГЕРЛЕР МЕН АДВОКАТТАР –** Қөптеген зангерлер мен адвокаттар тұрғындарға тегін қызмет көрсететін заңдық ассоциациялардың мүшелері. Адвокаттар да, зангерлер де қоғамдағы қөптеген проблемалар жөніндегі ақпараттың керемет көзі болып табылады. Мектепте ата-анасы зангер болып қызмет ететін окушылардың, немесе сіздің аймақта ұқсас ұйымдардың баржоғын білуге тырысыныздар.

**ЗАҢШЫҒАРУШЫ ОРГАНДАР –** жергілікті заң шығарушы органдар қаланың, ауылдың деңгейіндегі немесе республика деңгейіндегі қоғамдық проблемаларды қарастырып, оны шешуге бағытталған қоғамдық саясатты жасайды. Мәжіліс депутаттарының немесе жергілікті заншығарушы органдарының сіздің тұратын жерінде өкілдері болуы мүмкін. Ондай мекемеде азаматтармен жұмыс істейтін қызметкерлер болады, олар түрлі проблемалар жөнінде ақпарат бере алады.

**ӘКІМШІЛІК ОРГАНДАР –** түрлі деңгейде жұмыс істейтін әкімшілік органдарыңыз зерттеп жүрген проблемамен шұғылдану мүмкін. Мысалы: сіздің жергілікті билік органында, әкімшілікте түрлі департаменттер мен бөлімдер бар, егер сіз таңдаған проблема салауатты өмір салтымен байланысты болса, сіз деңсаулық сақтау департаментіне жолыға аласыз.

**ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН МУДДЕЛІ ТОПТАР –** сіздер таңдаған проблема қоғамдық ұйымдардың көбісін қызықтыруы мүмкін. Олардың кейбіреуін сіздер өз ауданыңыздан таба аласыздар. Бұл істе сіздерге кеңесшініңіз немесе ересек еріктіңіз олармен телефон арқылы байланысып немесе қажетті ақпарат алу үшін хат жазуға көмектеседі.

## ӨЗІНДІ ТАНЫСТЫРУ

Қандай да ақпарат көзімен байланыс орнату сіздің мойныңызда болса, ең алдымен сіз өзінізді таныстырып өту керек боласыз. Одан кейін аталмыш үйимға келу себебінізді атап өту керек болады.

Төмендегі үлгіні сұхбат кезінде не жазбаша өтінішінзге қолдануға болады.

**Менің атым (өзініздің фамилияңыз бер атыңыз).**

**Мен — мектептің 10 немесе 11 сынып оқушысымын. ОӘК атынан келіп түрмүн (ОӘК не екенін және оның немен айналысатыны туралы айттып беріңіз). Біз өзіміздің қаламыңда (немесе ауылымыңда) кездесетін проблемаларды, оларды басқару органдары қалай шешетінін және азаматтар ол үрдіске қалай қатыса алатынын зерттейміз. Біздің ОӘК зерттеп отырған проблема (проблеманы суреттеп беріңіз). Мен осы проблема туралы ОӘК-де талқыланатын ақпаратты жинауға жауаптымын.**

**Сізге қазір бірнеше сұрақ қойса бола ма, әлде кейінірек телефон арқылы хабарласқаным дұрыс па? Осы проблема жөнінде мен тағы кіммен сөйлесе аламын? Зерттеліп жатқан проблема бойынша, бізге жібере алатын жазбаша мәлімет бар ма? (Егер сіз телефон**

## ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС


“PR” - “қоғаммен байланыс” дегенді білдіреді, яғни “PR” мамандары байланыс орнатумен, үйимның беделін көтеру науқандарын жүзеге асырады және біздің ақпарат ғасырымызға қажетті басқа да істермен айналысады. Енді, қоғаммен байланыс секторының жұмысын анағұрлым тиімді жасау мақсатында, біздің ойымызша PR-дың ең маңызды деген аспектілеріне тоқталамыз.

Оқушылар әрекет ету комитеті сияқты дербес үйимның PR жұмысы, әдетте, азаматтарды БАҚ арқылы өздерінің пайдалы іс-әрекеттері, жобалары мен оларды жүзеге асыру үшін қолдау қажеттілігі туралы ақпаратты таратуға арналған жұмыс.

Қаржының жетіспеушілігі жоғары дәрежелі журналистерді, ақпараттық менеджерлерді, үгіт-насихат жүргізу мамандары, жарнамашыларды және т.басқаларын жалдауға мүмкіндік бермейді. Сонда да, сіздің ОӘК-нің PR секторы:

- 1) ОӘК-нің барлық секторлары үшін көмекші ақпараттарды жинап жүйелеу және үнемі жаңартып отыруға тиіс (оқигалар, басылымдар, адрестер, телефондар, аты-жөндер);
- 2) ОӘК ойлары мен жобаларын тұрғындар, қауымдастық, билік пен коммерциялық құрылымдар қолдау көрсету үшін көпшілікке таныстыру тиіс;
- 3) ОӘК-нің қоғамдық белсенділігінің жағымды беделін жасап, көтеріп ұстауға тиісті.

## ОӘК ТАНЫМАЛДЫҒЫ - НЕ ҮШІН КЕРЕК ЖӘНЕ ҚАЛАЙ



Кеңінен танымал болу - кез-келген қоғамдық үйімға тән құбылыс. Бұл тиімді жұмыс жасауға мүмкіндік береді, жаңа клиенттер мен көмекшілер әкеледі, биліктің үйіммен санасуына септігін тигізеді. Ал сонында демеушілер мен қорлар қаржыландыруға келгенде “құпия жандарға” емес, іс-әрекеті танымал және көпшілікке таныс үйімдарға береді.

- Жақсы атты болудың бірінші және басты жолы - шынайы жұмыс.

- Маңыздылығ кем емес екінші жол, - тұра әрекет ету үрдісі кезінде өзінің қызметі тиімділігі мен ақпаратының шынайылығына адамдар өз көздерін жеткізеді.

- Үшінші - үйімның жағымды немесе ең болмағанда есте қаларлықтай беделін жасау: ол үйімның атауы, ұраны мен таңбасы. Осылардың барлығы сіздер жолдау жазатын бланкілерді безендіруге және т.б.әбден жарап қалады.

Бірақ осы бланкті сыпайылығы, тазалығы және тәрбиелілігі жұтандырылады. Адам алып келсе - бәрі де жоққа шықты деп есептегін. “Беделіңіз” іске аспай қалады. Негізгі әсер қалдыратын адам, және оның келіп тұрған адамына мүқият және ықыласты болуы ерекше маңызды.

## РЕСУРСТАРДЫ АНЫҚТАУ

Енді сіздің ОӘК-нің қолында не бар және ортақ іске қандай үлес қоса алатының анықтау керек. Бір парапқа қағазды жайғана екі бағанға бөліп көріңідер:

### Күшті жактар

1. Еріктілер мен тілек білдірушілер көп
2. Көсіби дағдылар бар
3. Байланыстардың алуандығы т.б.

### Әлсіз жактар

1. Нашар үйлестіру
2. Жақсы ксерокс жоқ
3. Мәліметтер базасы жоқ.

### Сіздің мүмкіндітерінің:

1. Телевизия шақыру
2. Адамдарды митінгге шақыру т.б.
3. Шақыру және т.б.

### Кедергілер:

1. Интернет желісін пайдалана алмау
2. Үндеуді бастыратын жер жоқ

## *Дұрыс жоспарлау - жетістікке жету жолы*

Науқанның мақсатын алдын-ала құрып және жұмыс істейтін қауымды анықтап алып, енді атқаратын іс-әрекеттерінізді сатылап жоспарлауды бастаңыздар. Мысалы, мақсат - ақпараттық-ағартушылық (“мугедектер құқығы”) ету, ал негізгі қауым мүгедек адамдар деп алайық. Қосымша қауым - олардың құқығын “қызмет бойынша” қорғауға және сақтауға тиістілер - әлеуметтік қызметкерлер, коммуналдық қызметкерлер, медицина қызметкерлері, атқарушы және сот билігінің, зан, құқық қорғау органдарының әкілдері мен мамандандырылған ҮЕҰ әкілдері. Егер алынған мақсатты - мугедектер жағдайын көнегейтетін болсақ, онда негізгі көпшілік қатарына бар

ынталы тұрғындарды, мүгедектерге көмек көрсетудегі ресурстарды қүшету үшін қайырымдылық және мәдени-шығармашылық үйымдарды қосу қажет. Кез-келген PR-науқаның “басты міндеті” - шынайы шешім қабылдауға ықпал ететін қоғамдық пікір қалыптастыру екендігін ұмытпаныздар.

## ПРОБЛЕМАНЫҢ ПОРТФОЛИОСЫН ДАЙЫНДАУ

Енді, сіздер проблемаларды зерттеу жұмысы бойынша жеткілікті жұмыс атқарып болып, шешудің мүмкін жолдарын қарастырып, болашақ серіктестерді іздестіру жұмысын бастағаннан кейін, портфолио жасауға кірісулерінзеге болады. Сіздің ОӘК секторлар бойынша жұмыс істеукерек. Әрбір сектор портфолиодагы өзінің белгін дайындал шығаруға жауап береді. Портфолиога проблеманы зерттеу кезінде секторлар жинаған ең негізгі құжаттық мәліметтер ені керек. Сонымен қатар оған қолда бар жазбаша материалдар, фотографиялар мен суреттер ені керек.

### Портфолио дайындауга қойылатын талаптар

Портфолио барлық үш сектор жұмысы нәтижесінің көрінісі болып табылады. Ол екі - көрмелік және құжаттық белімдерден тұрады.

**1. Көрмелік белім.** Көрnekілік үшін бұл белім төрт картон плакаттан немесе осыған ұқсас материалдан жасалуы мүмкін (биіктігі 100 см, ені 80 см. мелшерінде болса). Әр сектордың жұмыс нәтижесі төрт бетті стендтің бір бетінен аспауы қажет, ал төртінші беті ОӘК жоспарына арналған. (Стенд қабырғаға ілінетін немесе столдың үстіне қойылатында ыңғайланып жасалынса, артық болмас). Және де осы белім келесі нәрселерді қамту керек:

- Проблеманың қысқаша жазбаша баяндамасы (Бұл ақпарат толығырақ әрбір белімнің сипаттамасында айтылған)
- Проблеманың графикалық презентациясы, бұл жерде көрnekілік үшін келесілерді қолдануды ұсынамыз:
  - ОӘК-нің аты, таңбасы (герб), туы, ұраны және басқа да атрибуттары;
  - Кестелер, графиктер, фотосуреттер, шарж, мақалалар атауы, , статистикалық мәліметтер;
  - Демеуші өнімдерінің жарнамасы, буклеттер мен ақпарат қағаздары;
  - Атапмыш сектордың мақсаты мен міндеттерін аштын басқа да көрмелік материалдар.

Бұл нәрселерді баспа беттерінен алуға немесе өздерін ойлап табуга болады. Оның әрқайсысының атауы болу керек.

- Ақпарат көздерін анықтау. Бір не бірнеше бетте жұмыс барысында пайдаланған ақпарат көздерінің тізімі болу керек.

**2. Құжаттық белім.** Әрбір топ жиналған материалдардың ішінен жүргізілген жұмысты толығымен баяндайтын материалдың ең тандаулыларын алу керек. Бұл белімге енгізілетін материалдар сіздің зерттеуініздің ең маңызды нәтижелері туралы болу керек. Яғни құжаттық белімде сектордың жұмысы барысында жиналып, дайындалған, маңызды мағлumatтары бар деген құжаттардың көшірмесі болады. Мысал ретінде сіздер оған:

- журнал мен газеттерден ірікten алынған мақалалар;
- халық арасында өздерініз жүргізген сұхбаттың жазбаша шолуылары;
- сіздің проблема жөніндегі радио және телехабарлардың жазбаша шолулары;

- қоғамдық топтармен қарым-қатынас жасау процесі барысында алынған материалдар;
- мемлекеттік органдардың ресми басылымдарынан алынған үзінділер;
- беделді адамдар мен топтардың сөздері;
- беделді мемлекет қайраткерлері мен басқару органдарының сөздері;
- әртүрлі дүкендердің бағалары туралы мәліметтері;
- тасымалдау бағалары;
- өлең және теміржол билеттерінің бағалары;
- әртүрлі фирмалар қызметінің бағасы;
- бюджетке тікелей қатысы бар мемлекеттік органдардың ресми басылымдарынан үзінділер.

Көп парақтан тұратын құжаттар мен есептерді көрсету үшін бірінші беттің көшірмесін жасап, тақырыбын жазып, осы құжат бойынша қысқа түсініктеме берініз. Оны не құжаттан алуға болады, не өзініз жаза аласыз. Сондай-ақ осы белімнің мазмұны жазылған бет дайындауды ұмытпаңыздар.

### **Портфолио дайындау үшін секторларға берілетін тапсырмалар**

Теменде портфолио жасау үшін әрбір секторға берілетін тапсырмалар бар. Әрбір сектор зерттеу топтары жинаған барлық зерттеу материалдарынан төмөнде тапсырмаларды орындауға көмектесетіндерін таңдап алуды керек.

#### **Портфолионың бірінші бөлігі:**

Проблеманы түсіндіру. Ақпараттық-сараптама секторы ОЭК белгілі бір проблеманы не үшін зерттеуге алғанын негіздеуі керек. Сектор осы проблеманың не маңыздылығы мен өзектілігінің себептерін түсіндіруі мен аталмыш проблеманы шешудің балама жолдарын бағалауға тиісті. Сектор түрлі басқару органдарының, ҮЕҰ-ның және басқа да үйымдар мен азаматтардың осы проблемаларды шешу жолдарына байланысты ұсыныстарын жариялау мен талдауға жауапты.

#### **Портфолионың екінші бөлігі:**


Қаржы секторының жұмысы. Бұл бөлімде бюджет, мүмкін қаржыландыру көздері мен көмек тарту мен жинауға бағытталған шараларының тізім таныстырылады.

#### **Портфолионың үшінші бөлігі:**

Қоғаммен байланыс жасау белімі ОЭК беделін көтеру жөніндегі жұмысымен көшілікті таныстырады. Атаптаған проблемаға қоғамның, көнілін аудартуға немесе өзгертуге бағытталған шаралар тізімін жасайды.

#### **Портфолионың төртінші бөлігі:**

Іс-әрекет жоспарын дайындау - ОЭК кеңесінің жұмысы. Кеңес проблеманы шешудегі жүргізілетін барлық шараның жузеге асуындағы жасалатын әрекет жоспарының орындалуына жауапты. Кеңес ұсынған ОЭК-нің жалпы жинальсызында көшілік дауыспен қолданған шаралардың жоспарын жасау. Шаралардың орындалуының уақытша кестесін жасау.



Енді әр бөлім қандай құжаттарды қамту керектігін кеңірек талқылайық.  
Портфолионың бірінші бөлімі: “Ақпараттарды жинау мен талдау”

**Проблеманың ұсынылуы.**

«Проблеманың қойылуы» бөлігінің демонстрация бөлімі.

Бұл бөлім тәмендегі пункттерді қамту керек:

Проблеманы қысқа түрде жазбаша баяндамасы.

Зерттеуші командалар жинаған материалдардан жазбаша талдау дайындаңыз. Оны дайындау үшін, тәмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Сіздің мектебіңіз, қалаңыз не ауылыңыз үшін бұл проблема қаншалықты маңызды да өзекті?
- Осы проблема сіздің аймақта немесе мемлекетте қаншалықты тарап отыр?
- Осы проблема мемлекеттік деңгейде шешілуі керек пе?
- Тәменде келтірілгендердің ішінен сіз қайсысын өз проблемаңызға қатысты деп аттай аласыз, және неліктен?
  1. Бұл проблема заңда немесе нақты қоғамдық қызметте өз көрінісін тапқан жоқ.
  2. Осы проблемаларды қарастырып отырған заң жеткілікті тиімді емес, не ол іс жүзіне асырылмайды.
  3. Қоғамдық және өзге үйымдар тарапынан осы проблемага жеткілікті назар аударылмайды.
- Халықтың қандай жігі, адамдардың қандай тобы немесе үйымдар осы проблеманы шешуге қатысып отыр:
  1. Қандай себептермен олар проблеманы шешуге ат салысып жур?
  2. Проблемага қатысты олар қандай ұстанында?
  3. Олардың ұстанының артықшылығы мен кемшиліктері қандай?
- Өз кезқарастарына көніл аударту үшін басқару органдарына септігін / әсерін тигізеді ма? Неге?
- Қай деңгейдегі мемлекеттік басқару органдары немесе билік органдарының қайсысы осы проблеманы шешу үшін жауапты? Оны шешу үшін олар не істеп жатыр?

Графикалық презентация мен ақпарат көздерінің тізімі жазылған пунктті ұмытпағайсындар. Және осы бөлімнің құжаттық белгін және жоғарыда аталып өткен құжаттар тізімін дайындауды естен шығармау керек

### **Проблеманы шешудің балама жолдарын талдау**

Сіздің топ осы проблемалардың кәзіргі шешу жолдары мен балама жолдарына нақты түсінік және баға беруге жаупты.

Портфолионың “Проблеманы шешудің балама жолдары” көрмелік белімі мынадай пункттерді қамтиды:

1. Түрлі топтар мен адамдар ұсынған проблеманы шешудің балама жолдарына жазбаша шолу. Осы проблеманы шешу жолдары айқындалған жазбаша материал дайындаңыз. Сіздер тапқан жолдардың әрқайсысы белек бетке жазылып, мына тәмендеғі сұрақтарға жауп берे алатындей болу керек:
  - а) Жеке адамның немесе топтың ұсынған іс-әрекетінің мәні неде?
  - б) Бұл әрекеттің артықшылығы мен кемшілігі неде?

Осы бөлімнің графикалық презентациясы мен ақпарат көздерінің тізімін жазу керектігін ұмытпауды тағы естеріңе саламыз.

### **Қызмет бойынша ұсыныстар жасау**

Сіздің тобыңыз осы проблеманы шешуге бағытталған іс-әрекеттер түрлерін ұсынуға жауп береді. Сіздің топ таңдаған әрекет ОӘК-нің жалпы жиналышында көпшілік дауыспен мақұлдануы керек. Сіздің ауданда, мектепте, қалада (ауылда) баламалы қызметтің кім шұғылданады? - деген сұрақта жауп бергеннен кейін сіз:

- басқа үйім айналысып жатқан әрекеттің баламалы түрінің бірін қолдау туралы;
- осы әрекетті жетілдіру туралы;
- езіңіздің жеке іс-шаралар тізімін жасау туралы шешім қабылдай аласыз.

Портфолионың бірінші бөліміндегі “Ұсынылған әрекеттер” көрмелік белімі тәмендегідей пункттерді қамтуы тиіс:

Өздеріңіз ұсынған әрекет туралы жазбаша негіздеме мен түсінік. Сіз езіңіздің сектор таңдал алған стратегияны түсіндіріп және оны қолдау себептерін дәлелдеулеріңіз керек.

Мәтінді тәмендегіге сүйеніп жазыңыздар:

- проблеманы шешуде сіздің сектор ең тиімді дәп есептейтін жол;
- осы жолдың артықшылықтары мен кемшіліктері;
- сіз ұсынып отырған әрекет елдің Конституциясына қайшы келмей ме?
- басқарудың қай деңгейіндегі биліктің қандай органдары осы проблема бойынша ресми әрекеттер өткізуге жаупты?

### **Портфолионың екінші бөлігі “Қаржылар”**

Портфолионың бұл белгінің көрсетілуіне қаржы секторы жаупты.

Портфолионың “Бюджеттің негіздемесі” белгініңде көрмелік белімі.

1. Өзіңіз ұсынып отырған бюджеттің жазбаша түсініктемесі мен негіздемесі. Бюджетте ұсынып отырған шығын баптарының қажеттігін түсіндіруіңіз керек.
2. Бюджеттік шығындар статьясының жан-жақты негіздемесін дайындаңыз:
  - Бұл баптың міндетті түрде болуы неге негізделген?
  - Қандай да бап бойынша шығындар ненің негізінде есептелген?

3. Бұл бөлімнің графикалық презентациясына тәменде көрсетілгендей кесте қосуға болады.

Шығындар баптары	1 дана үшін бағасы	Сандық көрсеткіш	Қаржылан-дыру көзі	Барлығы
Еңбек ақы	1айға - 50 теңге	3 ай	Еріктілер	150 теңге
Көлік	1 рейс үшін 20тг	5 рейс	Әкімдік	100 тг
Кеңсе тауарлары: Қағаз: Бояулар Қыл қалам Қаламсап	150 теңге 1қорап 15 теңге қорап 2 теңге 1 теңге.	2 қорап 5 қорап 20 дана. 20 дана.	Сорос қоры	300 теңге 75 теңге 40 теңге 20 теңге
Жалға алу	1 теңге 1ш.м.	200 ш.м.	Загиптар қоғамының клубы	200 теңге
Байланыс кызметі Интернет:	1 сағатқа 48 теңге	20сағ.	Сорос қоры	960 теңге
Ескерілмеген шығындар (жобаның жалпы құнының 10-%ы)			Жеке адамдар көмегі	184,5 теңге
Барлығы:				2029,5 теңге

Портфолионың "Қаржыландыру көздері" белгіндегі көрмелік бөлімі өзінің ұсынған қаржыландыру көздерін тарту бойынша іс-шаралар жоспарының жазбаша түсініктеме мен негізdemесін, сіз бюджетті орындау үшін қандай қаржыларды тартатыныңызды қалай жоспарлап отырғаныңызды, жәрдем алу үшін қандай акциялар жүргізуі ойластырып отырсыз, қандай қайырымдылық үйімдарына көмек сұрап бардыңыз, міне осыларды айтуыңыз керек.

Портфолионың «ОӘК әрекетінің беделі мен танымалдығы» белімі:

Портфолионың бул белгін дайындау кезінде үйреншікті жолды пайдаланыңыздар, яғни бұл бөлімде келесі нәрселердің болуы міндетті: көрмелік бөлімде:

1. ОӘК-нің жағымды беделінің қалыптасуына жағдай жасайтын бағдарламаңызды қай жерде көрсететінің туралы жазбаша түсінікеме бересіздер. Жазбаша түрде жоспарланған барлық іс-шараларды негізденіздер.
2. Қала, аудан, ауылдан өздерініз алдын ала тауып қойып, «көмектеседі» деген адамдардан, топтар мен басқару органдарынан ОӘК көмекті қалай алатынын жазбаша түрде түсіндіріңіздер ндығы жөнінде жазбаша түсініктеме беріңіз.

**Портфолионың төртінші бөлігі: "Шаралар жоспары"**

Портфолионың келесі белгін безендіру жолдары алғашқы екеуіндеңдей болады. Соңдықтан біз оған қысқаша тоқталамыз.

ОӘК кеңесі әрекеттер жоспарын жасауға жауапты. Жоспардағы қадамдар сіздің ОӘК таңдаған проблеманы жақсы жақтарына өзгереттін болу керек. Әрекет ету жоспарын мақұлдауда ОӘК-нің барлық мүшелері

қатысу керек, бірақ кеңес бұл жоспарды портфолионың төртінші бөлігінде ұсынады.

Портфолионың “Шаралар жоспары мен оларды орындаудың уақытша кестесі” көрмелік бөлімі.

Бұл бөлімге мынадай нәрселер енеді: іс-шаралар жоспарына жазбаша түсінкеме, іс-шаралар жоспары мен уақытша кестесінің негіздемесі:

- Сіз көрсеткен іс-шаралар жоспары осы проблеманы шешу үшін басқалардан несімен артық екенін түсіндіріңіз.
- Жоспардағы акцияларды өткізу дің мерзісдерін негізденеңіз.

Құжаттық бөлімге тиістісін енгізу ді ұмытпаңыз.

## ПОРТФОЛИО ДАЙЫНДЫҒЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Сіздерге портфолио дайындығын бағалау критерийлерінің тізімін ұсынғымыз келеді. Оған сүйеніп, портфолионың жалпы тиімділігіне баға бере аласыз. Кейбір балалардың шығармашылық қасиеттері мен олардың проблеманы шешу жолдарына ұсынған жолдарын бөлек атап кете аласыз.

Портфолионың дайындығын бағалау критерийлері:

### Аяқталғандық

Портфолио әр бет үшін ұсынылған материалдарды қамтиды ма? Сіздер қосқыңыз келген материалдардың барлығы да қолданы ма?

### Айқындық (Нақтылық)

Портфолиодағы өз белімініздің презентациясын жақсы дайындағыңыз ба? Портфолиодағы сіздің белімінің түсінкіт жазылған ба, грамматикалық және орфографиялық қателері тексерілген бе? Елдің бәріне сіздің негізгі пайымдауларыңыз берілгендей болса да, олардың үшіннен көрсеткінің көзінде өзіндеңіз деңгелдерінің түсінкітінде маңызды ма?

### Ақпараттылық

Портфолиодағы ақпарат нақты ма? Бұл ақпарат негізгі фактілер мен ең маңызды ұғымдарды қамтиды ма? Сіздің тақырыпты түсіндіру үшін Сіз қосқан ақпарат маңызды ма?

### Негізділік

Белімде негізгі ойларды негіздел түсіндіретін дәлелдер мен мысалдар берілген бе? Қарастырылып отырган белімде негізгі сәттер бойынша сіздің негізделген дәлелдерінің берілген бе?

### Графикалық безендіру

Графикалық безендіру сіздің белімнің мазмұнымен үндесе ме? Жазулар мен атаулар бар ма? Графикалық безендіру портфолионың көрмелік белімінде сіздің нені көрсеткініз келетінін түсіндіре ала ма?

### Құжаттау

Сізде өз белімініздің негізгі мәселелері бойынша құжаттық материалдар бар ма? Сенімді, анық және сан-алуан ақпарат көздерін пайдалана алдыңыздар ма? көрмелік белімде көрсетілетін материалдар мен Құжаттық белім материалдарының арасында нақты өзара байланыс көрінеді ме? Сіздер ең маңызды да таңдаулы деген ақпарат көздерін пайдаландыңыздар ма?

### Занұндылық

Сіздің ұсынған іс-әрекетінің Конституцияға қайшы келмейтіндігі жөнінде дәлел көлтірдіңіз бе? (ұшінші топқа ғана қатысы бар).

### Сендер

Сіздің портфолиода таңдаап алған проблеманың маңыздылығы жеткілікті түрде дәлелденген бе? Ұсынылған шаралар атальыш проблеманың шешіміне сәйкес келе ме? Портфолиода ұсынылған шара бойынша қоғамдық қолдауды қалай табуға болатындығы түсіндірілген ба? Бюджет шынайы және дәлелді болып табыла ма?

### **Іске асырылуы**

Сіз ұсынған шара тәжірибе жүзінде іске аса ала ма? Сіздің ұсынған жоспарыңыз қоғамдық қолдау таба ала ма?

### **Үйлесімділігі**

Портфолионың барлық төрт белігі бір-бірімен өзара байланысты ма және бір-бірін қайталамай ма?

## **ПОРТФОЛИО ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

Сіздер портфолионы жасау жұмысын бітіргеннен кейін жобаңызды мектеп, қоғам және жұмыс барысында көмек көрсеткен тұлғалар алдында көрсете аласыз.

Презентация негізгі төрт мақсатты қөздейді:

1. Қала (аудит) тұрғындарына өздерініз таңдаған проблеманың маңыздылығы туралы ақпаратты таныстыру.
2. Проблеманы шешудің балама жолдарының өрқайсысының артықшылығы мен кемшілігін қауым түсініп бағалау үшін түсіндіру.
3. Сіздің таңдаған жолының тиімділігі мен дұрыстығын талқыга салу.

### **Презентацияны өткізу**

Алғашқы төрт минутта әрбір сектор, одан кейін ОӘК кеңесінің мушелері портфолиодагы өз белімдеріндегі ең маңызды ақпараттарды баяндайды.

- Сөз сөйлеу көрмелік және құжаттық белімдердің материалдарының негізінде құрылуды керек, бірақ көрмелік стендтен “сөзбе сөз” оқылмауы тиіс.
- Портфолионың графикалық материалдарын кейбір жеке пункттерді беліп көрсету немесе түсіндіру үшін пайдаланысыздар.
- Сөз сөйлеу кезінде портфолиога енгізілген материалдардан басқаны да қолдануға болады. Мысалы, ол видеотаспа,, слайдтар, компьютерлік демонстрациялар болуы мүмкін.

### **Сұрақтар**


Келесі он минут көрмермендер мен ОӘК мушелерінің портфолионың белгілі бір белігінің презентациясына байланысты қоятын сұрақтарға бөлінеді. Осы мерзім ішінде сізден:

1. Кейбір баптарды айқындауды немесе жан-жақты түсіндіруді;
2. Презентацияның жеке пункттері бойынша мысалдар беруді;
3. Кейбір ұстанымдарды немесе дәлелдерді қорғауды;
4. Сіздерде қандай проблемалар туындағы деген сұраққа жауап беруді сұрауы мүмкін


### **Жинақталған тәжірибелерді талдау**

Жобаны орындау барысында өзініз үшін қандай жаңалық білгенініз және қандай тәжірибе алғаныңыз туралы ойлау әрқашан пайдалы. Бұл келешекте қателер жібермеуден сақтану мен өз жетістіктерінізді жақсартудың жалғыз амалы.


Енді, сіздің ОӘК портфолио жасау жұмысын бітіргеннен кейін, одан сіздің жеке басыңыз берін тобыңыз не үйренгенізді сараптаңыз. Жинақталған тәжрибелі тадлау ОӘК-нің барлық мүшелерімен бірге өткізілуі керек. Және осы ақпаратты да портфолиога қосуға болады. Мұндай сараптама істеуде портфолио жасауға көмектескен сіздің кеңесшіңіз беріледе ерікті көмекке келе алады.



**1-ші қосымша**  
Қаланы басқарудың үлгі-схемасы



2-ші қосымша - ОӘК мен жергілікті қауымдастықтың өзара әрекетінің схемасы



ID #: \_\_\_\_\_

Country Kazakhstan

Year 2005 Language Kazakh

Copyright(IFES/Other)Intended Audience(Adult/YA)

Election type N/A

Material type Informational material

Notes Explains how to establish a SAC